

БІЛІМ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ОБРАЗОВАНИЕ

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



№1 (108)
2024

ISSN 1607-2790 (Print)
ISSN 2960-0642 (Online)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство просвещения Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

The Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan
Altynsarin National Academy of Education

БІЛІМ

ОБРАЗОВАНИЕ

Ғылыми-педагогикалық журнал • Научно-педагогический журнал
• Scientific and Pedagogical Journal

№1 (108) 2024

Астана, 2024



**ҚР ОМ Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ**

Басылымның кезеңділігі - жылына 4 рет шығады

№ KZ94VPY00064976

есепке қою, қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде берілген

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:

ғылыми-педагогикалық зерттеулердің
нәтижелерін жариялау.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Тыныбаева М. А., философия докторы (PhD), бас редактор
Бутабаева Л. А., философия докторы (PhD),
қауымдастырылған профессор, бас редактор орынбасары
Абильдина С. К., п.ғ.д., профессор
Булатбаева К. Н., п.ғ.д., профессор
Лазаренко И. Р., п.ғ.д., профессор (Ресей)
Менлибекова Г. Ж., п.ғ.д., профессор
Мехмет Гювен, психол.ғ.д., профессор (Түркия)
Тургунбаева Б. А., п.ғ.д., профессор
Кудышева А. А., п.ғ.к., қауым. профессор
Тастанбекова К. Е., философия докторы (PhD),
қауым. профессор (Жапония)
Қанай Г. Ә., философия докторы (PhD)
Чокушева А. И., философия докторы (PhD)
Сақтағанов Б. К., философия докторы (PhD)
Шаматов Д., философия докторы (PhD)
Тайболатов Қ. М., магистр, жауапты хатшы

Мақала мазмұнына авторлар жауапты.
Талапқа сай келмеген мақаланы редакция қабылдамауға құқылы.

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Национальной академии образования
имени И. Алтынсарина МП РК
Периодичность издания – 4 номера в год

RESEARCH AND ACADEMIC JOURNAL

Altynsarin National Academy
of Education, ME RK
Frequency of publication – 4 issues per year

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет, переучете
№ KZ94VPY00064976,
выдано Комитетом информации Министерства
информации и общественного развития
Республики Казахстан

CERTIFICATE

about registration, re-registration No.
KZ94VPY00064976 issued by the
Information Committee of the Ministry of
Information and Public Development of the
Republic of Kazakhstan

ТЕМАТИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ

публикация результатов научно-
педагогических исследований.

THEMATIC FOCUS

publication of the results
of scientific and pedagogical research.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Тыныбаева М. А., доктор философии (PhD), главный редактор
Бутабаева Л. А., доктор философии (PhD), ассоц. профессор, заместитель главного редактора
Абильдина С. К., д.п.н., профессор
Булатбаева К. Н., д.п.н., профессор
Лазаренко И. Р., д.п.н., профессор (Россия)
Менлибекова Г. Ж., д.п.н., профессор
Мехмет Гювен, д.псх.н, профессор (Турция)
Тургунбаева Б. А., д.п.н., профессор
Кудышева А. А., к.п.н., ассоц. профессор
Тастанбекова К. Е., доктор философии (PhD), ассоц. профессор (Япония)
Канай Г. А., доктор философии (PhD)
Чокушева А. И., доктор философии (PhD)
Сактаганов Б. К., доктор философии (PhD)
Шаматов Д. А., доктор философии (PhD)
Тайболатов К. М., магистр, ответственный секретарь

EDITORIAL BOARD

Tynybayeva M. A., Doctor of Philosophy (PhD), Editor-in-Chief
Butabaeva L. A., Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Deputy Editor-in-Chief
Abildina S. K., Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
Bulatbaeva K. N., Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
Lazarenko I. R., Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia)
Menlibekova G. Zh., Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
Mehmet Guven, Doctor of Psychological Sciences, Professor (Turkey)
Turgunbayeva B. A., Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
Kudysheva A. A., Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
Tastanbekova K. E., Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor (Japan)
Qanay G. A., Doctor of Philosophy (PhD)
Chokusheva A. I., Doctor of Philosophy (PhD)
Saktaganov B. K., Doctor of Philosophy (PhD)
Shamatov D., Doctor of Philosophy (PhD)
Taibolatov K. M., Master, Executive Secretary

Ответственность за достоверность материалов несут авторы. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

The authors are responsible for the accuracy of the materials. The editorial board reserves the right to reject the materials.

■ Білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты, инновациялар және цифрландыру

10

Қаратабанов Р.

Құндылыққа негізделген мектеп түлегінің моделі: теориялық негіздемесі және жобалау тәсілдемесі

19

Кеңес Б. Е., Кочак М., Есполова Ж. Е.

Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы

■ Пәндерді оқыту әдістемесі

29

Жумагулова З. А.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыруда контекст негізіндегі тапсырмалардың маңызы

38

Нурбекова Ж. К., Әденбек Н.

Мектеп информатикасында жасанды интеллект негіздерін оқытудың қажеттілігі

52

Попандопуло А. С., Кажикенова Г. М.

Тұрақты оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында 8-9 сынып білім алушыларына метакогнитивтік тәсілдердің әсері

■ Тәрбие және тұлғаны дамыту

63

**Тайболатов Қ. М., Постоялко М. Н.,
Нурлыбаева А. А., Турсунова А. К.**

Мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлі

■ Арнайы және инклюзивті білім беру

- 71** **Қайырбекова Г. М., Тебенова К. С.**
Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-ерік саласының ерекшеліктері

■ Үздіксіз педагогикалық білім беру

- 82** **Аушахманова Б. Т.**
Заманауи жағдайда педагогтерге үздіксіз технологиялық білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері
- 98** **Булатбаева Д. Н.**
Қазақ әдебиеті сабағының сапасы мен мұғалімнің құзыреттілігі: талдау негізіндегі ұсыныстар
- 111** **Кариев А., Васильева В.**
Заманауи білім беру үдерісі жағдайында педагогтердің дербестік және субъективтілік деңгейін зерттеу
- 121** 2024 ж. қаңтар-наурыз айларында қорғалған диссертациялар тізімі (педагогикалық ғылымдар)
- 123** Біздің авторлар

СОДЕРЖАНИЕ

■ Образовательная политика, инновации и цифровизация в образовательном процессе

10 Каратабанов Р.
Модель выпускника школы, основанная на ценностях: теоретическое обоснование и подход к проектированию

19 Кенес Б. Е., Кочак М., Есполова Ж. Е.
Использование терминов в школьных учебниках, относящихся к области информатики

■ Методика преподавания предметов

29 Жумагулова З. А.
Значение контекстных задач в формировании математической грамотности

38 Нурбекова Ж. К., Аденбек Н.
Необходимость преподавания основ искусственного интеллекта в школьной информатике

52 Попандопуло А. С., Кажикенова Г. М.
Воздействие метакогнитивных подходов на обучающихся 8-9 классов с целью формирования устойчивых навыков обучения

■ Воспитание и развитие личности

63 Тайболатов К. М., Постоялко М. Н.,
Нурлыбаева А. А., Турсунова А. К.
Роль эмоционального интеллекта в профессиональной ориентации обучающихся школы

■ Специальное и инклюзивное образование

- 71** **Кайырбекова Г. М., Тебенова К. С.**
Особенности эмоционально-волевой сферы младших школьников с задержкой психического развития

■ Непрерывное педагогическое образование

- 82** **Аушахманова Б. Т.**
Теоретико-методологические основы непрерывного технологического образования педагогов в современных условиях
- 98** **Булатбаева Д. Н.**
Качество урока казахской литературы и компетентность учителя: рекомендации на основе анализа
- 111** **Кариев А., Васильева В.**
Изучение уровня самостоятельности и субъектности педагогов в условиях современного образовательного процесса
- 121** Список защищенных диссертаций в январе-март 2024 г. (педагогические науки)
- 125** Наши авторы

CONTENTS

■ Educational policy, innovation and digitalization in the educational process

10

Karatabanov R.

Values-Based School Leaver Model: Theoretical Justification and Design Approach

19

Kenges B. E., Kocak M., Yespolova Zh.E.

Usage of terms in school textbooks related to computer science

■ Teaching methodology

29

Zhumagulova Z. A.

The importance of contextual tasks in the formation of mathematical literacy

38

Nurbekova Zh. K., Adenbek N.

The need for teaching the fundamentals of artificial intelligence in school informatics

52

Popandopulo A.S., Kazhikenova G.M.

Impact of metacognitive approaches on learners grades 8-9 to build sustainable learning skills

■ Nurturing and personal development

63

Taibolatov K. M., Postoyalko M. N., Nurlybaeva A. A., Tursunova A. K.

The role of emotional intelligence in professional orientation of school students

■ Special and inclusive education

- 71** **Kaiyrbekova G. M., Tebenova K. S.**
Features of the emotional and volitional sphere
of younger schoolchildren with mental retardation

■ Continuing teacher education

- 82** **Aushakhmanova B. T.**
Theoretical and methodological foundations
of continuous technological education
of teachers in modern conditions
- 98** **Bulatbayeva D. N.**
Kazakh Literature Lesson Quality and Teacher
Competence: Recommendations Based on Analysis
- 111** **Kariyev A., Vasileva V..**
Studying of the level of independence and subjectivity
of teachers in the conditions of modern educational process
- 121** List of defended dissertations in the period between
January and March 2024 (pedagogical sciences)
- 127** Our authors

Білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты,
инновациялар және цифрландыру

Образовательная политика, инновации
и цифровизация в образовательном процессе

Educational policy, innovation and digitalization
in the educational process

FTAMP 14.15.01

DOI 10.59941/2960-0642-2024-1-10-18

Құндылыққа негізделген мектеп түлегінің моделі: теориялық негіздемесі және жобалау тәсілдемесі

Р. Қаратабанов

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Астана қ., Қазақстан Республикасы
r.karatabanov@uba.edu.kz



Аңдатпа. Мақала құндылықтарға негізделген мектеп түлегі моделін әзірлеуге және теориялық негіздеуге арналған. Зерттеуде Web of Science және Scopus халықаралық ғылыми базаларының деректері, сондай-ақ ЭЫДҰ жұмыстары, PISA және DeSeCo жобаларын қоса алғанда, халықаралық зерттеулерді талдау қолданылды. Жұмыс жаһандану процестерін ескере отырып және ұлттық мәдени бірегейлікті сақтай отырып, құндылықтарды білім беру процесіне біріктіру қажеттілігіне баса назар аударады. Алты (он екі) негізгі құндылық анықталды: Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Осы құндылықтардың әрқайсысы үшін тиісті құзыреттер әзірленді: Ұлттық мүддені ілгерілету, Ынтымақтастық пен әлеуметтік интеграция, Қоғамға қызмет ету, Құқықтық мәдениет және заңға құрмет, Еңбек белсенділігі және жоғары жетістіктерге ұмтылыс, Шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдер. Модельдеу және синтездеу әдістері. Абайдың «Толық адам» туралы философиялық тұжырымдамасына сүйене отырып, әр құзыреттің практикалық, когнитивтік және аффективтік аспектілерін қамтитын түлектің кешенді моделін құруға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарына қажетті білім мен дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар жауапкершілікті сезінетін, ынтымақтастыққа дайын және заңға құрметпен қарайтын түлектерді қалыптастыру үшін негіз ұсынады. Бұл мақала құндылыққа негізделген білім берудің рөлі туралы пікірталасқа үлес қосады және білім беру бағдарламаларын жобалауға практикалық тәсілді ұсынады.



Түйінді сөздер: құндылық, құзырет, мектеп түлегінің моделі, «Толық адам» ілімі, индикатор.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Қаратабанов, Р. Құндылыққа негізделген мектеп түлегінің моделі: теориялық негіздемесі және жобалау тәсілдемесі [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №1. – Б.10-18.

Кіріспе

Қазіргі әлемде құндылыққа негізделген білім беру жаһандық үрдіске айналып отыр. Білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізілген құндылықтар жас ұрпақтың жеке дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Осыған орай, орта білім берудің құндылықтың рөлі мен білім алушылардың дамуына әсерін анықтау мақсатында жүйелік шолу жасау арқылы құндылықтар мен білім алушыда қалыптасатын құзыреттерді анықтау маңызды.

Қазіргі қолданыстағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар ретінде: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу қарастырады [1].

Төлеубекова Р.К., Жұматаева Е.Ө., Сламбекова Т.С. өздерінің «Абайдың педагогикалық дүниетанымы» еңбегінде Абай Құнанбайұлының мұрасындағы педагогикалық, психологиялық, тәлім-тәрбиелік мәселелерін қарастырып, «Адам бол», «Толық адам бол», «Қалыпты адам бол», «Кемелді адам бол» тұжырымдарына талдау жасаған. Осы жұмыста Абай еңбектеріндегі ақыл-парасат парадигмасы негізінде жаңа білім мен дүниетаным көзқарасының модельдері құрылады [2].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Мен бүгін маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердім. Тағы да бір қайталап өтейін: бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан ХХІ ғасырда лайықты орнын табады. Құзырлы мемлекеттік ор-

гандардың бәрі өз жұмысын қайта қарап, осы тұғырнамаға үйлестіруі қажет», – деп дәп басып айтты [3].

Айтылған құндылықтар терминалды және инструменталды құндылықтардың теңдестірілген жүйесі деп айтуға болады. Егер бұл жүйе World Values Survey классификациясымен салыстырылса, онда бұл құндылықтар зайырлы-рационалды және өзін-өзі көрсету құндылықтарына көбірек тартылады. Бұл сипаттама жасампаздыққа, дамуға, өсуге ұмтылған прогрессивті елдерге тән. Саясаттанушы Рональд Инглехарт жүргізген WVS деректерін талдау әлемдегі мәдениетаралық өзгерістің екі негізгі аспектісі бар екенін айтады: дәстүрлі құндылықтар зайырлы-рационалды құндылықтарға қарсы және өмір сүру құндылықтары және өзін-өзі көрсету құндылықтары [4]. Осы жүйе негізінде екі өлшем бойынша ондаған қауымдастықтардың орналасуын көрсететін жаһандық мәдени карта жасалынған. Бұл зерттеулерге сыни көзқарас білдіргендер де болды. Haller (2002) бұл зерттеудің теориялық тұжырымы мен шәкілдеріне сыни пікір білдіріп, баламалы тәсілін ұсынады [5].

С. Бубнованың зерттеулерінде құндылық бағдарларын зерттеудің принципі ретінде оның көпдеңгейлігін қарастырады. Нормативтік тәсіл негізінде құндылық бағдарлары жүйесінде үш негізгі деңгей анықтайды: құндылықтар – идеалдар; құндылықтар – жеке қасиеттер; мінез-құлықтың құндылық тәсілдері және олардың арасында нақты эмпирикалық тәуелділіктер орнатылды. Бұл жерде Бубнованың инструменталды құндылықтарға мән бергендігін көре аламыз [6].

Біз бұл құндылықтар жүйесін Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде еліміздің тарихи-мәдени кодына негіздейтін боламыз [7].

Әрбір құндылықты декомпозициялау практикалық компонент (Ыстық қайрат), когнитивтік компонент (Нұрлы ақыл) және аффективтік компонент (Жылы жүрек) бойынша жүзеге асырылады.

Зерттеу мақсаты – халықаралық және отандық құндылықтар тұжырымдамаларын талдай отырып, орта білім мазмұнындағы құндылықтарды анықтау және оны құзыреттіліктерге талдау (сәйкестендіру).

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық базасын қалыптастыру мақсатында Web of Science, Scopus халықаралық ғылыми-өлшемдік мәліметтер базасына талдау жасалды.

Сондай-ақ, 10-нан астам халықаралық зерттеулерге (ЭЫДҰ, DeSeCo жобасы, PISA, World Bank, 21st century skills and competences for new millennium learners in OECD countries және т.б.) шолу жасалды. Халықаралық педагогтер қауымдастығын іс-әрекеттегі білімнің, дағдылардың, тәсілдер мен құндылықтардың кең ауқымының қажеттілігін мойындауға шақырады. Олар: 1) когнитивті және метакогнитивті дағдылар (мысалы, сыни ойлау, шығармашылық ойлау, оқу қабілеті және өзін-өзі реттеу); 2) әлеуметтік және эмоционалдық дағдылар (мысалы, эмпатия, өзіндік тиімділік және ынтымақтастық); 3) практикалық дағдылар (мысалы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа құрылғыларын пайдалану) [8]. Сонымен қатар жаһандану дәуірінде ұлттық, елдік мәдени кодты және ұлттық мұраны сақтау маңызды.

Осындай метаталдау құндылықтарды анықтауда шетелдік және отандық зерттеулердің нәтижелерімен танысуға, ғылыми көзқарастарды анықтауға септігін тигізді. Сонымен қатар зерттеу барысында құндылықтарды анықтау және құндылықтарды құзыреттермен сәйкестендіруде моделдеу, синтез әдістері қолданылды. Моделдеу әдісі арқылы әр құндылықты құзыреттілікпен сәйкестендіріп, Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы негізінде құруға мүмкіндік берді.

Моделдеу әдісі келесі этаптарды қамтыды: құндылықтар туралы әдебиеттерді іздеу, әдебиеттерді сұрыптау және қажет емесін жою, моделді құрастыру, моделге түзетулер мен толықтырулар енгізу, моделдің жобасын ұсыну.


Нәтижелер мен талқылау

Зерттеулерді саралай келе, орта білім беру ұйымының түлегінің моделі әзірленді. Бұл моделде құндылықтар мен құзыреттер анықталды. Сонымен қатар Абайдың «Толық адам» ілімінің концептілер ретінде «Ыстық қайрат», «Нұрлы ақыл», «Жылы жүрек» анықталды (1-сурет).

Осы тұжырымдар бойынша «Ыстық қайрат» - құзыреттің практикалық компоненттері, «Нұрлы ақыл» - құзыреттің когнитивті компоненттері, «Жылы жүрек» концептісіне – құзыреттің аффективті компоненті анықталды. Құзыреттің практикалық компоненттеріне іс жүзінде құзыретті сәтті қолдану үшін қажет нақты әрекеттер, білік пен дағдылар жатады. Құзыреттің когнитивті компоненттеріне құзыретті сәтті қолдану үшін қажетті білім, түсінік және әртүрлі танымдық процестер жатқызылса, ал құзыреттің аффективті компонентіне белгілі бір құзырет шеңберінде адамның өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну және басқару, эмпатия таныту қабілетінің сезімталдық және эмоционалдық аспектілері жатады.

Құндылықтар мен құзыреттер анықталғаннан кейін индикаторларды анықтадық (2-сурет).

Бірінші құндылық – Тәуелсіздік және Отаншылдық. Осы құндылыққа «Ұлттық мүддені ілгерлету» деген құзыретті бердік. Бұл құзыреттілікте қандай дағды, қабілет пен қасиет болуы керек? Осы құндылық пен құзыретті білім алушының меңгеруі келесідей индикаторлармен анықталады: ұлттық мүдделерді анықтайтын саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени факторларды талдау және түсіндіру қабілеті; өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға және оның тәуелсіздігіне адал болуға дайын болу; Қазақстан тәуелсіздігін нығайтуға және қолдауға бағытталған іс-шараларға белсенді қатысу; өз елінің тарихын, мәдениетін және құндылықтарын білу және түсіну; тәуелсіздік пен патриотизм туралы білімдер негізінде жағдайларды бағалау және тиісті шешім қабылдау үшін аналитикалық дағдылар; елдің тәуелсіздігін сақтау мен дамытуға



1-сурет – Құндылыққа негізделген мектеп түлегінің моделі

ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

| Құндылық | Тәуелсіздік және Отаншылдық | Бірлік және ынтымақ | Әділдік және жауапкершілік | Заң және Тәртіп | Еңбеккерлік және Кәсіби біліктілік | Жасампаздық және Жаңашылдық |
|---|--|---|---|--|---|---|
| <p>Құзыреттілік</p> <p>Ұлттық мүддені ілгерілету</p> <ul style="list-style-type: none"> Ұлттық мүдделерді анықтайтын саяси, экономикалық және әлеуметтік-мадени факторларды талдау және түсіндіру қабілеті Өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғау және оның тәуелсіздігіне аян болуға дайын болу Қазақстан тәуелсіздігін нығайтуға және қолдауға бағытталған іс-шараларға белсенді қатысу | <p>Бірілік және ынтымақ</p> <p>Ынтымақтастық пен әлеуметтік интеграция</p> <ul style="list-style-type: none"> Қоғамда тімділік жұмыс істей білу және оларға мақсаттарға қол жеткізу Басқалармен жағымды қарым-қатынас орнату және қоғам өміріне үлес қосу қабілеті Адамдардың әртүрлі топтарымен жұмыс істей білу және олардың пікірлері мен аяқталуына құрметтеуге дайын болу | <p>Әділдік және жауапкершілік</p> <p>Қоғамға қызмет ету</p> <ul style="list-style-type: none"> Әділеттілік пен жауапкершілікке қатысты құқықтық нормаларды, этикалық принциптерді және құндылықтарды білу Әділеттілік пен жауапкершілікке негізделген шешім қабылдау және оны парасаттылық таныту Өз ережелінің әлеуметтік және этикалық салдарын қабылдауға дайын болу | <p>Заң және Тәртіп</p> <p>Құқықтық мәдениет және заңға құрмет</p> <ul style="list-style-type: none"> Қоғамның нормалары мен құндылықтарына сәйкес қабылданған заңдар мен ережелерді сақтау Заң жүйесінде бағдарлана білу және заңдарды қолдану қабілеті Қоғамдағы тәртіп пен кәсіпқойлыққа сәйкес құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ету қабілеті | <p>Еңбеккерлік және Кәсіби біліктілік</p> <p>Еңбек белсенділігі және жоғары жетістіктерге ұмтылыс</p> <ul style="list-style-type: none"> Өз саласындағы тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті дағдылар Нақтылық және жақсарту үшін күш салуға дайын болу Тапсырмаларды орындаудағы дөлдәк пен табандылық Жұмыс уақыты мен ресурстарды тиімді жоспарлай білу Өзін-өзі ұйымдастыру және тапсырмалардың басымдығын анықтау дағдылары | <p>Жасампаздық және Жаңашылдық</p> <p>Шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдер</p> <ul style="list-style-type: none"> Шығармашылық дағдылар және жаңа идеялар мен тұжырымдамаларды өндіру қабілеті Жаңашыл идеяларды нақты жобалар мен өнімге айналдыру мүмкіндігі Жауапкершілікте өзін-өзі бағалау және проблемаларды шешудің және мақсаттарға жетудің жаңа тәсілдерін табу Шығармашылық процесс үшін әртүрлі техникалар мен әдістерді қолдану Жобаларды басқару | |
| <p>Нұрлы ақыл</p> | <p>Тәуелсіздік және Отаншылдық</p> <ul style="list-style-type: none"> Өз елінің тарихын, мәдениетін және құндылықтарын білу және түсіну Тәуелсіздік пен еркіндікті білдіретін бағалар және тиісті шешім қабылдау үшін аналитикалық дағдылар Елдің тәуелсіздігін сақтау мен дамытуға байланысты саяси-әлеуметтік процестерді түсіну | <p>Бірілік және ынтымақ</p> <p>Түрлераралық өзара әлдеқис және ынтымақтастық принциптерін білу және түсіну</p> <ul style="list-style-type: none"> Басқа адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерін бағалау және тиімді шешім қабылдау және оларға қол жеткізу Мәдени және әлеуметтік айырмашылықтарды түсіну және әртүрлі әлеуметтік ортаға бейімделу қабілеті | <p>Әділдік және жауапкершілік</p> <p>Әділдік және жауапкершілік</p> <ul style="list-style-type: none"> Әділдік, сыртқалық және принциптерін түсіну Әлеуметтік мәселелер мен қоғам аясында тұрған міндеттерді түсіну Заңдар мен нормаларды, ережелерді білу Этикалық топтану | <p>Еңбеккерлік және Кәсіби біліктілік</p> <p>Еңбек белсенділігі және жоғары жетістіктерге ұмтылыс</p> <ul style="list-style-type: none"> Өз саласы бойынша жұмыстың негізгі принциптері мен әдістерін білу Тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті техникалық білім, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білім Еңбек этикасы принциптері мен сапа стандарттарын түсіну Сапаны турғыдан ойлау және өз саласындағы өзгерістерді шешу қабілеті | <p>Жасампаздық және Жаңашылдық</p> <p>Тірісті ережелері заманауи үдистер мен инновацияларды білу</p> <ul style="list-style-type: none"> Инновациялық шешімдерге қол жеткізу қабілеті және оларға қолдана білу және текжірібе жасау Шығармашылық ойлауды дамытудың әдістерін білу Құрылымдар туралы білу | |
| <p>Жылы жүрек</p> | <p>Тәуелсіздік және Отаншылдық</p> <ul style="list-style-type: none"> Өз еліне қатыстылық пен жақындық сезімі Қазақстанның тағдыры эволюцияда түрде араласу Ел азаматы ретінде Қазақстанның өлеңдік қорғау және ілгерілету үшін жеке жауапкершілік сезімі | <p>Бірілік және ынтымақ</p> <p>Толық қатыстылық сезімі және ынтымақтастыққа ұмтылу</p> <ul style="list-style-type: none"> Елресемсіз әрекеттер мен өзара әрекеттестікке басқалардың пікірлері мен сезімдеріне эмпатия және құрмет білдіру Сәйкес қарым-қатынас орнату және жағымды командалық климатты сақтау қабілеті | <p>Әділдік және жауапкершілік</p> <p>Этикалық мінез-құлпқа ұмтылу</p> <ul style="list-style-type: none"> Қиын өмірлік жағдайларда жаңашылдық пен эмпатия сезімі Қоғам мен оның мүшелерінің ілгерілету үшін жауапкершілік сезімі Әділдік пен әлеуметтік жауапкершілікке қол жеткізуге бағытталған іс-шараларға қатысуды ұсыну мақсатын сезімі | <p>Заң және Тәртіп</p> <p>Заң мен қоғам алдындағы жауапкершілік сезіну</p> <ul style="list-style-type: none"> Заңдарды білу және олардың қолдануына сәйкес еңбеккерлік пен бейбітшілік сезімі Құқықтық нормаларды құрметтеу және олардың сақтау үшін маңыздылығына сенімді болу | <p>Еңбеккерлік және Кәсіби біліктілік</p> <p>Еңбек белсенділігі және жоғары жетістіктерге ұмтылыс</p> <ul style="list-style-type: none"> Орындалған жұмыстан және қол жеткізілген нәтижелерден қанағаттану сезімі Қызмет пен әрекеттің стандарттары мен құндылықтарын құрметтеу Өзін-өзі жетілдіруге және жаңа мақсаттарға жетуге ішкі мотивация Өз жұмысының сапасы мен нәтижесі үшін жауапкершілік сезімі Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен ұлттарын түсіну және болару қабілеті | <p>Жасампаздық және Жаңашылдық</p> <p>Шығармашылық мәселелерді шешуде шабаб пен ынтымақ</p> <ul style="list-style-type: none"> Өз қабілеттері және стандартты емес шешімдерді табу қабілетіне сенімділік Шығармашылық жұмыс-өнімдерін орындауға эмоционалды қанағаттану Тәуекелге төзімділік Шығармашылық өзіндік рефлексия Шығармашылық және инновациялық шешімдердің нәтижесінде басқа адамдардың еркіндігі және жасампаздығы болудан қанағаттану |

2-сурет – Орта білім берудегі құндылықтар мен құзыреттердің индикаторлары

байланысты саяси-әлеуметтік процестерді түсіну; өз еліне қатыстылық пен жақындық сезімі; Қазақстанның тағдыры мен болашағына эмоционалды түрде араласу; ел азаматы ретінде Қазақстанның әлемдік аренада мүдделерін қорғау және ілгерілету үшін жеке жауапкершілік сезімі.

Екінші құндылық – Бірлік және Ынтымақ. Бұл құндылыққа «Ынтымақтастық пен әлеуметтік интеграция» құзыретін бердік. Оған келесі индикаторларды жатқызуға болады: командада тиімді жұмыс істей білу және ортақ мақсаттарға қол жеткізу; басқалармен жағымды қарым-қатынас орнату және қоғам өміріне үлес қосу қабілеті; адамдардың әртүрлі топтарымен жұмыс істеуге және олардың пікірлері мен әртүрлілігін құрметтеуге дайын болу; тұлғааралық өзара әрекеттесу және ынтымақтастық принциптерін білу және түсіну; басқа адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерін бағалау және даулы жағдайларды шешу кезінде ымыраға келу қабілеті; мәдени және әлеуметтік айырмашылықтарды түсіну және әртүрлі әлеуметтік ортаға бейімделу қабілеті; топқа қатыстылық сезімі және ынтымақтастыққа ұмтылу; бірлескен іс-әрекеттер мен өзара әрекеттестікте басқалардың пікірлері мен сезімдеріне эмпатия және құрмет білдіру; сенімді қарым-қатынас орнату және жағымды командалық климатты сақтау қабілеті.

Үшінші құндылық – Әділдік және Жауапкершілік. Бұған «Қоғамға қызмет ету» құзыретін анықтадық. Ол келесі индикаторлармен өлшенеді: әділеттілік пен жауапкершілікке қатысты құқықтық нормаларды, этикалық принциптерді және моральдық құндылықтарды білу; әділеттілік пен жауапкершілікке негізделген шешім қабылдауда логиканы қолдана білу және парасаттылық таныту; өз әрекетінің әлеуметтік және этикалық салдарын түсіну және оларды қабылдауға дайын болу; әділдік пен этика принциптерін түсіну; әлеуметтік мәселелер мен қоғам алдында тұрған міндеттерді түсіну; заңдар мен нормаларды, ережелерді білу; этикалық толғану; этикалық мінез-құлыққа ұмтылу; қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға жанашырлық пен

эмпатия сезімі; қоғам мен оның мүшелерінің игілігі үшін жауапкершілік сезімі; әділдік пен әлеуметтік жауапкершілікке қол жеткізуге бағытталған іс-шараларға қатысқаны үшін мақтаныш сезімі.

Төртінші құндылық – Заң және Тәртіп. Осы құндылыққа «Құқықтық мәдениет және заңға құрмет» құзыретін анықтадық. Осы құндылық пен құзыреттілікке келесі индикаторларды анықтадық: қоғамның нормалары мен құндылықтарына сәйкес қабылданған заңдар мен ережелерді сақтау; заң жүйесінде бағдарлана білу және заңдарды күнделікті өмірде қолдану қабілеті; қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ету қабілеті; құқықтық жүйені және адам құқықтарын білу; әртүрлі жағдайларда заңдар мен ережелерді түсіндіру және қолдану қабілеті; заңдардың сақталуын бағалау және қоғамдағы тәртіпті сақтау үшін аналитикалық дағдылар; заң мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну; заңдарды білу және оларды сақтау арқылы сенімділік пен қауіпсіздік сезімі; құқықтық нормаларды құрметтеу және олардың тәртіп пен әділеттілікті сақтау үшін маңыздылығына сенімді болу.

Бесінші құндылық – Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік. Бұл құндылыққа «Еңбек белсенділігі және жоғары жетістіктерге ұмтылыс» құзыретін бердік. Ол келесідей индикаторлармен өлшенеді: өз саласындағы тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті дағдылар; нәтижеге жету және жақсарту үшін күш салуға дайын болу; тапсырмаларды орындаудағы дәлдік пен табандылық; жұмыс уақыты мен ресурстарды тиімді жоспарлай білу; өзін-өзі ұйымдастыру және тапсырмалардың басымдығын анықтау дағдылары; өз саласы бойынша жұмыстың негізгі принциптері мен әдістерін білу; тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық білім, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білім; еңбек этикасы принциптері мен сапа стандарттарын түсіну; сыни тұрғыдан ойлау және өз саласы бойынша мәселелерді шешу қабілеті; орындалған жұмыстан және қол жеткізілген нәтижелерден қанағаттану сезімі; қызмет пен әрекеттің стандарттары

мен құндылықтарын құрметтеу; өзін-өзі жетілдіруге және жаңа мақсаттарға жетуге ішкі мотивация; өз жұмысының сапасы мен нәтижесі үшін жауапкершілік сезімі; мүдделі тараптардың сезімдерін, қажеттіліктері мен үміттерін түсіну және ескеру қабілеті.

Алтыншы құндылық – Жасампаздық және Жаңашылдық. Бұл құндылық бойынша «Шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдер» құзыретін анықтадық. Оны келесі индикаторлармен өлшеуді жөн көрдік: шығармашылық дағдылар және жаңа идеялар мен тұжырымдамаларды өндіру қабілеті; жаңашыл идеяларды нақты жобалар мен өнімге айналдыру мүмкіндігі; эксперименттерге дайын болу және проблемаларды шешудің және мақсаттарға жетудің жаңа тәсілдерін табу; шығармашылық процесс үшін әртүрлі техникалар мен әдістерді қолдану; жобаларды басқару; тиісті саладағы заманауи үрдістер мен инновацияларды білу; инновациялық шешімдерге қол жеткізу үшін ғылыми әдісті қолдана білу және тәжірибе жасау; шығармашылық ойлауды дамытудың әртүрлі әдістері мен құралдары туралы білу; шығармашылық мәселелерді шешуде шабыт пен ынта сезімі; өз қабілеттеріне және стандартты емес шешімдерді табу қабілетіне сенімділік; шығармашылық жұмысының нәтижелерінен эмоционалды қанағаттану; тәуекелге төзімділік; шығармашылық өзіндік рефлексия; шығармашылық және инновациялық шешімдердің нәтижесінде басқа адамдардың өмірін жақсарту мен пайдалы болудан қанағаттану.

Зерттеу барысында орта білім беруде 6 (12) құндылық анықталды: Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Сонымен қатар 6 құзырет анықталды: Ұлттық мүддені ілгерлету, Ынтымақтастық пен әлеуметтік интеграция, Қоғамға қызмет ету, Құқықтық мәдениет және заңға құрмет, Еңбек белсенділігі және жоғары жетістіктерге ұмтылыс, Шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдер. Бұл құндылықтарда терминалды және инструменталды құндылықтар да кездеседі.

Ал, Назарбаев Университеті барлық мектептер мен университеттердің білім беру бағдарламалары үшін негізгі дағды ретінде мынадай 10 құзыретті айқындады: 1) коммуникация; 2) әлеуметтік дағдылар; 3) шығармашылық инновация және кәсіпкерлік; 4) этика және адалдық; 5) аналитикалық және сыни ойлау; 6) көшбасшылық және топтық жұмыс; 7) икемділік, бейімделгіштік; 8) зерттеу дағдылары; 9) цифрлық дағдылар; 10) өмір бойы оқу [9].

Отандық ғалымдар қазақтың көрнекті ақыны, ойшылы, ағартушысы және қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың мұрасын, оның әмбебап, тұтас адамның философиялық тұжырымдамасын («Толық адам») талдай отырып, мейірімділік, жанашырлық, ар-намыс, ар-ождан, ұлттық қадір-қасиет, өзара түсіністік, бейбітшілік пен келісім сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар анықтайды [10].

Қорытынды

Халықаралық және отандық құндылықтар туралы зерттеулер зерделенді. Әр құндылыққа сәйкес құзыреттер анықталды. Зерттеудің теориялық базасын қалыптастыру үшін халықаралық ғылыми-өлшемдік базаларға, халықаралық құжаттарға, отандық еңбектерге талдау жасалынды. Барлық алынған материалдарға талдау жасалынды. Модельдеу және синтездеу әдістерін қолдану әрбір құндылық Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасына негізделген және құзыретпен салыстырылған модель жасауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде практикалық, когнитивті және аффективті аспектілерді қоса алғанда 6 (12) құндылық пен 6 құзыреттілік анықталды. Бұл жұмыс орта білім беру түлегінің моделін ұсынады, онда құндылықтар мен құзыреттер айқындалған, сондай-ақ Абай ілімінің тұжырымдамалары қаралған. Әр құзырет бойынша индикаторлар берілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту ми-

- нистрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы [Электронды ресурсы] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қаралған күні: 10.01.2024)
2. **Төлеубекова, Р. К.** Абайдың педагогикалық дүниетанымы [Мәтін]: ұжымдық монография / Р.К. Төлеубекова, Е.Ө.Жұматаева, Т.С. Сламбекова. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. – 336 б.
 3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі [Электронды ресурсы] // <https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-iii-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya> (қаралған күні: 17.03.2024)
 4. World Values Survey ресми сайты [Electronic resource]: <https://www.worldvaluessurvey.org/WVS-Contents.jsp> (date of review: 10.01.2024)
 5. **Haller, M.** (2002). Theory and Method in the Comparative Study of Values: Critique and Alternative to Inglehart. *European Sociological Review*, 18(2), 139-158. <https://doi.org/10.1093/esr/18.2.139>
 6. **Бубнова, С. С.** Ценностные ориентации личности как многомерная нелинейная система [Текст] // Психологический журнал. – 1999. – Т. 20. – № 5. – С. 38-44.
 7. **Абай.** Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер [Мәтін]. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. – 488 б.
 8. OECD (2018), Education at a Glance 2018: OECD Indicators, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/eag-2018-en>.
 9. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар. Монография / Аида Сағынтаева, Айжан Мусина, Алия Сулейменова, Руслан Қаратабанов, Қайрат Құрақбаев, Дункан Пристли, – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021. – 236 б.
 10. **Nysanbaev, A. N., Barlybaeva, G. G., & Solovieva, G. G.** (2022). Abai and Russian Philosophy: Man and His Values. *Voprosy Filosofii*, 2022(11), 188-198. <https://doi.org/10.21146/0042-8744-2022-11-188-198>
- der of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348 on approval of State mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (qaralğan küni: 10.01.2024)
2. **Töleubekova, R. K.** Abaidyñ pedagogikalıq dünüetanymy [Pedagogical worldview of Abai] [Mätin]: üjymdyq monografiya / R.K. Töleubekova, E.Ö. Jümatäeva, T.S. Slambekova. – Nür-Sülтан: Alaşorda, 2021. – 336 b.
 3. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqäevtyñ III Ülttyq quryltaida söilegen sözi [Elektronny resurs] [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the III national kurultai] // <https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-iii-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya> (qaralğan küni: 16.03.2024)
 4. World Values Survey ресми сайты [Electronic resource]: <https://www.worldvaluessurvey.org/WVS-Contents.jsp> (date of review: 10.01.2024)
 5. **Haller, M.** (2002). Theory and Method in the Comparative Study of Values: Critique and Alternative to Inglehart. *European Sociological Review*, 18(2), 139-158. <https://doi.org/10.1093/esr/18.2.139>
 6. **Bubnova, S. S.** Cennostnye orientacii lichnosti kak mnogomernaya nelinejnaya sistema [Tekst] [Personal value orientations as a multidimensional nonlinear system] // Psihologicheskij zhurnal. – 1999. – T. 20. – № 5. – S. 38-44.
 7. **Abai.** Öleñder, poemalar, audarmalar men qara sözder [Mätin] [Poems, poems, translations and obscenities]. – Almaty: «Jibek joly» baspa üii, 2005. – 488 b.
 8. OECD (2018), Education at a Glance 2018: OECD Indicators, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/eag-2018-en>.
 9. Bilim beru bağdarlamalaryn äzirleu: joğary bilim berudiñ jahandyq mäselelerine jauaptar [Mätin] [Development of educational programs: answers to global problems of Higher Education]. Monografiya / Aida Sağyntäeva, Aijan Musina, Alia Suleimenova, Ruslan Qaratabanov, Qairat Qürakbaev, Dulkan Pristli, – Nür-Sülтан: Nazarbaev Universiteti Joğary bilim beru mektebi, 2021. – 236 b.
 10. **Nysanbaev, A. N., Barlybaeva, G. G., & Solovieva, G. G.** (2022). Abai and Russian Philosophy: Man and His Values. *Voprosy Filosofii*, 2022(11), 188-198. <https://doi.org/10.21146/0042-8744-2022-11-188-198>

References

1. Mektepke deiingı tärбие мен oqytudyñ, bastauş, negizgi orta, jalpy orta, tehnikalyq jáne käsipтік, orta bilimnen keiingi bilim berudiñ memlekettik jalpyğa mindetti standarttaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministriniñ 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy № 348 büiryǵy [Elektronny resurs] [Or-

Модель выпускника школы, основанная на ценностях: теоретическое обоснование и подход к проектированию

Р. Каратабанов

Национальная академия образования имени И. Алтынсарина
г. Астана, Республика Казахстан
r.karatabanov@uba.edu.kz



Аннотация. Статья посвящена разработке и теоретическому обоснованию модели выпускника школы, основанной на ценностях в образовании. В исследовании использовались данные международных научных баз Web of Science и Scopus, а также анализ международных исследований, включая проекты ОЭСР, PISA и DeSeCo. Работа подчеркивает необходимость интеграции ценностей в образовательный процесс с учетом нарастающей глобализации и сохранения национальной культурной самобытности. Определены шесть (двенадцать) основных ценностей: Независимость и Патриотизм, Единство и Солидарность, Справедливость и Ответственность, Закон и Порядок, Трудолюбие и Профессионализм, Созидание и Новаторство. Для каждой из этих ценностей были разработаны соответствующие компетенции: продвижение национальных интересов, сотрудничество и социальная интеграция, служение обществу, правовая культура и уважение к закону, трудовая активность и стремление к совершенству, творческое мышление и и креативные решения. Методы моделирования и синтеза позволили построить комплексную модель выпускника, охватывающую практические, когнитивные и аффективные аспекты каждой компетенции, опираясь на философскую концепцию Абая «Толык адам». Результаты исследования предоставляют образовательным организациям основу для формирования выпускников, которые не только обладают необходимыми знаниями и навыками, но также осознают ответственность, готовы к сотрудничеству и уважают закон. Эта статья способствует обсуждению роли образования, основанного на ценностях, и предлагает практический подход к разработке образовательных программ.



Ключевые слова: ценность, компетенция, модель выпускника школы, концепция «Толык адам», индикаторы.

Values-Based School Leaver Model: Theoretical Justification and Design Approach

R. Karatabanov

National Academy of Education named after I. Altynsarina
Astana, Republic of Kazakhstan
r.karatabanov@uba.edu.kz



Abstract. The article is devoted to the development and theoretical substantiation of the model of a school graduate based on values in education. The study used data from the international scientific databases Web of Science and Scopus, as well as the analysis of international studies, including OECD, PISA and DeSeCo projects. The work emphasizes the need to integrate values into the educational process, taking into account the increasing globalization and preservation of national cultural identity. Six (twelve) core values have been identified: Independence and Patriotism, Unity and Solidarity, Justice and Responsibility, Law and Order, Hard Work and Professionalism, Creation and Innovation. For each of these values, corresponding competencies were developed: promotion of national interests, cooperation and social inclusion, service to society, legal culture and respect for the law, labor activity and pursuit of excellence, creative thinking and and creative solutions. Modeling and synthesis methods allowed building a comprehensive graduate model covering practical, cognitive and affective aspects of each competency, based on Abay's philosophical concept of "Tolyk adam". The results of the study provide educational organizations with a framework for producing graduates who not only possess the necessary knowledge and skills, but who are also aware of responsibility, cooperative and respectful of the law. This article contributes to the discussion of the role of values-based education and offers a practical approach to developing educational programs.



Keywords: value, competence, school graduate model, "Tolyk adam" concept, indicators.

Материал баспаға 18.03.2024 келіп түсті

Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы

Б. Е. Кеңес¹, М. Кочак², Ж. Е. Есполова³

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

²Памуккале университеті

Деңізлі қ., Түркия Республикасы

³Тұран-Астана университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

*barysgul221196@gmail.com



Аңдатпа. Білім беру саласындағы мұғалімдердің негізгі құралы – оқулық. Оқулықтардың мазмұнына қойылатын талаптардың бірі – терминдердің жүйелі қолданылуы. Мақаланың мақсаты – мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің оқулықтарда қолданылу деңгейін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес мақалада «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» 4-сынып, «Информатика» 5-сынып, «Информатика» 6-сынып, «Информатика» 7-сынып (Алматыкітап баспасы), «Информатика» 7-сынып (Атамұра баспасы), «Информатика» 7-сынып (Арман – ПВ баспасы) мектеп оқулықтарының негізгі терминдері termincom.kz сайтындағы терминдермен салыстырылды. Салыстыру нәтижесінде мынадай мәселелер анықталды: termincom.kz қорындағы информатика саласына қатысты бекітілген терминдердің оқулықтарда қолданылмай, басқа нұсқаларының қолданылуы, информатика саласына қатысты оқулықтардағы кейбір терминдердің termincom.kz қорында қамтылмауы, оқулықтарда орыс тіліндегі терминдер бірінші жазылып, қазақ тіліндегі терминдердің жақша ішінде жазылуы, орыс тіліндегі әртүрлі ұғымды білдіретін екі терминнің орнына қазақ тілінде бір терминнің қолданылуы. Осындай мәселелер туындамас үшін терминолог мамандар мен сала мамандары бірлесіп жұмыстар атқарып терминдерді бекітуі керек. Оқулық жазу барысында авторлар бекітілген терминдерге назар аударып, соларды қолдану дағдысын қалыптастырулары қажет. Термин ұғым мен мағынаны толық сипаттай алмайтын жағдай болса, авторлар өздерінің ұсыныстарын мемлекеттік терминологиялық комиссияға ұсынулары қажет. Жазылған оқулықтарға сараптама жасалған кезде пән бойынша базалық ғылыми мазмұнның сақталуы үшін терминдерге баса назар аударылуы қажет.



Түйінді сөздер: термин, терминология, оқулық, білім сапасы, информатика



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Кеңес, Б. Е., Кочак, М., Есполова, Ж. Е. Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №1. – Б. 19-28.

Кіріспе

Сапалы білім берудегі ең маңызды құрал – оқулық. Елімізде жазылған осы мектеп оқулықтарының сапасына қатысты әртүрлі мәселелер бар. Соның ішінде терминдердің оқулықтарда қолданылу деңгейі – өзекті мәселенің бірі. Мақаланың мақсаты – информатика пәні бойынша жазылған мектеп оқулықтарында қолданылған терминдердің жай-күйін қарастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын өткізілетін дәстүрлі Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген баяндамасында «сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы» деген болатын. Сондай-ақ баяндамада мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын ұсынып, кешенді шаралар қабылдау қажет екенін атап өтті [1].

ЮНЕСКО-ның Терминологиялық саясат жөніндегі нұсқаулығында тілдерді жоспарлаудың кейбір маңызды міндеттерінің қатарында ана тілінде білім беру және ғылыми пәндерді оқушы түсінетін тілде оқыту қажеттілігі көрсетілген. Бұл мемлекеттік қызметкерлердің, ғалымдардың, зерттеушілердің, мұғалімдер мен тіпті тәжірибелі жұмысшылардың біліктілігін арттыруға әкеледі. Тілдік қауымдас-тық мүшелерінің қарым-қатынасын жақсарту мақсатында, олар қолданатын негізгі тілдің сөздік қорын оқу құралдарымен, шығармашылық өнер туындыларымен, мектеп оқулықтарымен, газеттермен және т. б. қамтамасыз ету керек [2].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығының Орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнына қойылатын талаптар атты 3-тараудың 16 17-баптарында оқулыққа сәйкес арнайы және оқу терминологиясын, ұғымдар мен терминдерді қолдану, жасына (сыныпқа) сәйкес пән тілі мен терминологиясын енгізу белгіленген [3].

«Терминтанушы құралы» еңбегінде термин қызметінің 13 түрі саралап көрсетіледі. Ғылыми еңбекте терминнің қызметіне қатысты «Арнаулы сала ұғымының атауы атқаратын қызметтердің жиынтығы» деп анықтама беріледі. Терминнің атауыштық қызметі – термин ұғымның, заттар мен құбылыстардың атауы болуы; танымдық қызметі – таным құралы қызметін атқаруы; таңбаланушылық қызметі

– таңбаланушыны белгілеп, оның мазмұнын білдіруі; ұғымдық қызметі – ұғымды белгілеп, оның мазмұнын білдіруі; эврикалық қызметі – жаңа білімді ашу, табу қызметі; жүйелеушілік қызметі – ұғымдар жүйесін тілдік таңбалар арқылы да жүйелеп беру қызметі; ақпаратты тіркеу қызметі – ғылыми-техникалық арнаулы ақпаратты сақтау қызметі; ақпараттық қызметі – терминнің ақпараттық-қатысымдық қызметі; қатысымдық қызметі – білімді, арнаулы ақпаратты жеткізуі; оқулық қызметі – терминнің беру, түсіндіру, оқыту мақсатында қолданылуы; ажыратушылық қызметі – терминологиялық жүйе шеңберінде терминдердің өздері белгілейтін ұғымдардың аражігін ажыратуы; анықтаушылық қызметі – терминнің тұлғасы арқылы ұғымның түрлік-тектік белгілерін көрсету мүмкіндігі» [4]. Мақалада біз терминнің оқулық қызметіне баса назар аударамыз.

Ең алдымен Алаш зиялыларының оқулықтарға қатысты өткен ғасырда айтқан пікірлеріне шолу жасалық. Ахмет Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» атты мақаласында мектепке қажет ең негізгі үш керекті көрсетеді. Біріншісі – мұғалім, екіншісі – оқу ісіне керек құралдар, үшіншісі – белгіленген программа. Мақаладан үзінді келтірсек: «Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар» деген болатын [5].

Мағжан Жұмабаев: «Оқу құралын жаздырып жатқан ағарту комиссариаты, жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралдары қандай мінезді мектепке арналады, сол туралы ой жүгіртсе игі болар еді», Халел Досмұхамедұлы: «Білім алудың жолы көп, жолдың ішіндегі ең төтесі жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары», Елдес Омаров: «Терминдердің негізгі қолданылатын жері арнаулы мәтіндер, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар, оқу құралдары» деген болатын [6]. Осы айтылған пікірлерден сол кездің өзінде-ақ сапалы жазылған оқулыққа аса мән берілгенін көре аламыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысымызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» 4-сынып [7], «Информатика» 5-сынып [8], «Информатика» 6-сынып [9], «Информатика» 7-сынып «Алматыкітап баспасы» [10], «Информатика» 7-сынып «Атамұра» баспасы [11], «Информатика» 7-сынып «Арман – ПВ» баспасы [12] атты мектеп оқулықтарының негізгі терминдері termincom.kz сайтындағы, яғни қазақ тілінің терминқорындағы бекітілген терминдермен салыстырылып талданады және терминдердің қолданысына назар аударылады.

Termincom.kz сайты – ғылым мен білімнің, техника мен экономиканың, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің республикалық терминологиялық электронды базасы. Портал Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында құрылған. Бұл портал – терминологиялық лексиканы біріздендіру, терминологиялық қорды толықтыру, терминдерді және атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында құрылған сайт. Сайт қолданушылары бекітілген терминдермен танысып, терминдерге қатысты өз пікірлерін білдіре алады. Салалық терминдерді қалыптастыру мен стандарттау, терминдерді аудару, термин түзудегі ұстанымдар туралы ғылыми және ғылыми-көпшілік стилінде жазылған мақалалармен, әртүрлі қолданбалы сала бойынша жарық көрген сөздіктермен таныса алады.

Нәтижелер

Мектеп оқулықтарында бекітілген терминдердің қолданысына жүргізілген талдау нәтижесі бойынша анықталған мәселелер:

- termincom.kz қорындағы информатика саласына қатысты бекітілген

терминдердің оқулықтарда қолданылмай, басқа нұсқаларының қолданылуы;

- информатика саласына қатысты оқулықтардағы кейбір терминдердің termincom.kz қорында қамтылмауы;
- кейбір терминдердің termincom.kz қорында басқа салаға қатысты көрсетілуі;
Результаты данного исследования согласуются с обзором литературы. Например, в настоящем исследовании было обнаружено значительное влияние использования метакогнитивных стратегий на саморегуляцию и учебные навыки обучающихся средней школы. Обзор литературы подтверждает полученные результаты, указывают, что создание учебной среды для улучшения когнитивной деятельности способствует укреплению метакогнитивных навыков и стратегий обучающихся. R. Maog утверждают, что будущие преподаватели, обладающие метакогнитивными навыками, могут применять техники и методы, подходящие для обучения в классе. Авторы исследования рекомендуют будущим педагогам обладать сильными метакогнитивными навыками. J. Santangelo обнаружили, что академические успехи сильно коррелируют с метакогнитивными навыками. Чтобы управлять и регулировать процесс обучения, необходимо использовать метакогнитивные навыки. Решение о достижении академических целей принимается с помощью метакогнитивных навыков.

G. Schraw обнаружили, что метакогнитивные навыки ведут к метакогнитивному осознанию. Эти навыки обеспечивают сознательное участие, стимулируют когнитивные процессы, обеспечивают рефлексивное обучение, повышают уровень адекватного мышления, поддерживают обучение на протяжении всей жизни и

дают учащимся возможность получать глубокую информацию. Метакогнитивные навыки важны для самоконтроля, являющегося хорошим показателем академических успехов, мотивирующего и настраивающего на способность к выполнению, помогающего решать проблемы, признается важность метакогнитивных навыков для обучения на протяжении всей жизни. Тем не менее, результаты данного исследования, касающиеся когнитивных навыков самосознания студентов, отличаются от результатов, полученных в обзоре литературы. Например, в исследовании, проведенном G. Schraw, было установлено, что метакогнитивные навыки ведут к метакогнитивной осведомленности, которая обеспечивает сознательное участие, стимулирует когнитивные процессы, обеспечивает рефлексивное обучение, повышает

Заключение

Метакогнитивные тактики и метакогнитивные вопросы, были использованы в надежде на то, что обучающиеся станут более вовлеченными в обсуждения в классе и внесут больший вклад в образовательную среду. Предполагалось, что один из метакогнитивных методов также приведет к повышению уровня вовлеченности обучающихся. Ни в одном из опубликованных исследований не рассматривались показатели вовлеченности обучающихся в дискуссии в классе. Однако, когда педагоги использовали метакогнитивные стратегии, побуждающие обучающихся задуматься о том, понимают ли они научные темы, обучающиеся участвовали в содержательных и глубоких дискуссиях. Использование метакогнитивных вопросов для записи в тетради и последующий обмен информацией из записей с учениками в классе продемонстрировали склонность к более глубоким дискуссиям. Обучающиеся из группы, которым были предложены метакогнитивные вопросы, поделились своими мыслями по темам и рассказали о том, что они чувствуют, когда задают вопросы. Когда обучающимся задавали метакогнитивные вопросы, некоторые из них обращались

со своими комментариями не к педагогу, а к своим товарищам, которые, как им казалось, испытывали затруднения при изучении материала. Обучающиеся чаще используют различные метакогнитивные стратегии для оценки своей работы, когда они находятся в группах, а не работают отдельно.

Рекомендация

Педагоги естественных наук могут рассмотреть возможность внедрения соответствующих метакогнитивных техник в учебный процесс. Руководству школы рекомендуется организовать семинары для педагогов математики, физики, химии и биологии, чтобы они могли изучать и внедрять метакогнитивные техники. Кроме того, можно поощрять обучающихся к использованию метакогнитивных стратегий, поскольку существует значительная корреляция между этими стратегиями и общей успеваемостью обучающихся. Необходимо провести качественное исследование, чтобы изучить возрастные переменные и другие психологические факторы, которые могут влиять на метакогницию.

Информация о финансировании

Данная статья написана в рамках проекта конкурса на грантовое финансирование молодых ученых по проекту «Жас ғалым» на 2022-2024 годы: ИРН № АР13268772 «Психолого-педагогическое сопровождение развития метакогнитивных способностей обучающихся как основной фактор успешности обучения в условиях обновленного образования».

Список использованных источников

1. Flavell, J. H. (1979). Metacognition and cognitive monitoring: An emerging domain of cognitive development investigation. *American Psychologist*, 34(10), 906–911. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.34.10.906>
2. Chen, S., & McDunn, B. A. (2022). Metacognition: History, measurements, and the role in early childhood development and education. *Learning and*

Motivation, 78, 101786. <https://doi.org/10.1016/j.lmot.2022.101786>

3. Güner, P., & Erbay, H. N. (2021). Metacognitive Skills and Problem-Solving. *International Journal of Research in Education and Science*, 7(3), 715-734.
4. Perry, J., Lundie, D., & Golder, G. (2019). Metacognition in schools: what does the literature suggest about the effectiveness of teaching metacognition in schools?. *Educational Review*, 71(4), 483-500.
5. Goos, M., Galbraith, P. Metacognitive strategies utilized in collaborative mathematical problem-solving. Published in *Educational Studies in Mathematics*, Volume 30, 229–260 (1996). <https://doi.org/10.1007/BF00304567>
6. Puzikova, S. M., Kudro, N. M., Assyllov, N. Z., Moldasan, K. S., & Biryuk, L. A. (2020). Socio-Cultural Implication in the Development of Educational Institutions of Kazakhstan: Interdisciplinary Research. *Journal of Intellectual Disability-Diagnosis and Treatment*, 8(3), 327-335.
7. Smith, A. K., Black, S., & Hooper, L. M. (2020). Metacognitive knowledge, skills, and awareness: A possible solution to enhancing academic achievement in African American adolescents. *Urban Education*, 55(4), 625-639.
8. Santangelo, J., Cadieux, M., & Zapata, S. (2021). Developing student metacognitive skills using active learning with embedded metacognition instruction. *Journal of STEM Education: Innovations and Research*, 22(2).
9. Sadykova, R., Dzhanserkeeva, E., Yuldashova, V., & Kubdasheva, K. (2023). Differentiated teaching is a form of organization of the educational process. *Scientific journal "Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan"*, 404(4), 247-259.
10. Maor, R., Paz-Baruch, N., Grinshpan, N., Milman, A., Mevarech, Z., Levi, R., Shlomo, S., & Zion, M. (2023). Relationships between metacognition, creativity, and critical thinking in self-reported teaching performances in project-based learning settings. *Thinking Skills and Creativity*, 50, 101425. <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2023.101425>
11. Schraw G., Dennison R.S. Assessing metacognitive awareness. *Contemporary educational psychology*, 1994. Vol. 19, no. 4, pp. 460–475. DOI:10.1006/ceps.1994.1033.
12. Chernyshova N.A. Strategii samoreguliruemogo ucheniya i formirovanie navykov ucheniya na protyazhenii vsei zhizni v trudakh amerikanskikh uchenykh [Self-regulatory learning strategies and the formation of lifelong learning skills in the works of American scientists]. *Pedagogika = Pedagogy*, 2019, no. 1, pp. 56–64. (In Russ.).

References

1. Flavell, J. H. (1979). Metacognition and cognitive monitoring: An emerging domain of cognitive development investigation. *American Psychologist*

- gist, 34(10), 906–911. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.34.10.906>
2. **Chen, S., & McDunn, B. A.** (2022). Metacognition: History, measurements, and the role in early childhood development and education. *Learning and Motivation*, 78, 101786. <https://doi.org/10.1016/j.lmot.2022.101786>
 3. **Güner, P., & Erbay, H. N.** (2021). Metacognitive Skills and Problem-Solving. *International Journal of Research in Education and Science*, 7(3), 715–734.
 4. **Perry, J., Lundie, D., & Golder, G.** (2019). Metacognition in schools: what does the literature suggest about the effectiveness of teaching metacognition in schools?. *Educational Review*, 71(4), 483–500.
 5. **Goos, M., Galbraith, P.** Metacognitive strategies utilized in collaborative mathematical problem-solving. Published in *Educational Studies in Mathematics*, Volume 30, 229–260 (1996). <https://doi.org/10.1007/BF00304567>
 6. **Puzikova, S. M., Kudro, N. M., Assylov, N. Z., Moldasan, K. S., & Biryuk, L. A.** (2020). Socio-Cultural Implication in the Development of Educational Institutions of Kazakhstan: Interdisciplinary Research. *Journal of Intellectual Disability-Diagnosis and Treatment*, 8(3), 327–335.
 7. **Smith, A. K., Black, S., & Hooper, L. M.** (2020). Metacognitive knowledge, skills, and awareness: A possible solution to enhancing academic achievement in African American adolescents. *Urban Education*, 55(4), 625–639.
 8. **Santangelo, J., Cadieux, M., & Zapata, S.** (2021). Developing student metacognitive skills using active learning with embedded metacognition instruction. *Journal of STEM Education: Innovations and Research*, 22(2).
 9. **Sadykova, R., Dzhanserkeeva, E., Yuldashova, V., & Kubdasheva, K.** (2023). Differentiated teaching is a form of organization of the educational process. Scientific journal “Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan”, 404(4), 247–259.
 10. **Maor, R., Paz-Baruch, N., Grinshpan, N., Milman, A., Mevarech, Z., Levi, R., Shlomo, S., & Zion, M.** (2023). Relationships between metacognition, creativity, and critical thinking in self-reported teaching performances in project-based learning settings. *Thinking Skills and Creativity*, 50, 101425. <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2023.101425>
 11. **Schraw G., Dennison R.S.** Assessing metacognitive awareness. *Contemporary educational psychology*, 1994. Vol. 19, no. 4, pp. 460–475. DOI:10.1006/ceps.1994.1033.

Тұрақты оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында 8-9 сынып білім алушыларына метакогнитивтік тәсілдердің әсері

А.С. Попандопуло*¹, Г.М. Кажикенова¹

¹Торайғыров университеті,

Қазақстан, Павлодар қ.

*anaralinara79@mail.ru




Аңдатпа. Тұрақты өзгеріп отыратын білім беру парадигмасы жағдайында қазақстандық білім беруде білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған өзгерістер процесі жүруде. Белсенді оқыту, ынтымақтастық, оқытуға сараланған тәсіл, пәнаралық интеграция және ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану қағидаттарын ескере отырып, Қазақстан 21 ғасырда оқушылардың табысты бейімделуі үшін қажетті дағдылар мен құзыреттерді дамытуға ұмтылады.

Дәстүрлі педагогикалық көзқарастан білім берудің жаңартылған қағидаттарына негізделген қазіргі заманға көшу тәуелсіз және сын тұрғысынан ойлайтын тұлғаларды қалыптастыру бағытындағы қозғалысты білдіреді. Бұл тәсіл фактілерді есте сақтау және пассивті оқыту оқушыларды қазіргі заманғы әлемнің қиындықтарына табысты бейімделуге дайындау үшін жеткіліксіз екенін мойындайды.

Осы зерттеудің мақсаты 8-9 сынып білім алушыларының өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі тануға және оқу дағдыларына метакогнитивтік тәсілдердің әсерін анықтау болып табылады. Осы эксперименттерді еске түсіретін, бірақ қатысушыларды топтарға рандомизацияланған бөлуді көздемейтін зерттеу әдістемелерін қолдану арқылы алдын ала және кейіннен тестілеу арқылы 8-9-сынып білім алушыларынан дерек-

тер жиналды. Метакогнитивтік қабілеттерді ықпалдастыру математика, физика, химия, биология пәндері бойынша оқытушылардың пәндік материалдарының негізін құрады.

Алынған нәтижелер 8-9 сынып білім алушыларының өзін-өзі реттеуге және оқу дағдыларына математика, физика, химия, биология бойынша пәндік материалдар арқылы осы пәндерді зерделеу кезінде метакогнитивтік тәсілдерді пайдаланудың елеулі әсерін растайды. Зерттеу білім беру процесіне тиісті метакогнитивті тәсілдер мен техникаларды енгізу, сондай-ақ метакогнитивті техникаларды ықпалдастыруды оқыту мақсатында математика, физика, химия, биология оқытушылары үшін семинарлар ұйымдастыру мүмкіндігін қарастырады.

 **Түйінді сөздер:** метакогнициялар, метакогнитивтік әдіс, метакогнитивтік қабілеттер, метакогнитивтік дағдылар, метакогнитивтік стратегиялар.


Impact of metacognitive approaches on learners grades 8-9 to build sustainable learning skills

A.S. Popandopulo*¹, G.M. Kazhikenova¹

¹Toraighyrov University,


Pavlodar, Kazakhstan

*anaralinara79@mail.ru

 **Annotation.** In the conditions of constantly changing educational paradigm in Kazakhstanian education there is a process of changes aimed at the renewal of the education system. Taking into account the principles of active learning, cooperation, differentiated approach to learning, interdisciplinary integration and the use of information and communication technologies, Kazakhstan seeks to develop in schoolchildren the necessary skills and competencies for successful adaptation in the 21st century.

The transition from a traditional pedagogical approach to a modern one, based on renewed educational principles, implies a movement towards the formation of independent and critically thinking individuals. This approach recognizes that memorization of facts and passive learning are no longer sufficient to prepare students to successfully adapt to the complexities of the modern world.

The purpose of this study is to identify the impact of metacognitive approaches on self-regulation, self-awareness, and study skills of students in grades 8-9. By applying research techniques resembling real experiments, but not involving randomized assignment of participants to groups, with pre- and post-testing, data were collected from students in grades 8-9. Integration of metacognitive abilities formed the basis of subject material of teachers in mathematics, physics, chemistry, and biology. The results confirm the significant impact of using metacognitive approaches in these subjects, through subject material in math, physics, chemistry, biology on self-regulation and study skills of students in grades 8-9. The study considers the possibility of introducing appropriate metacognitive approaches and techniques in the educational process, as well as organizing seminars for teachers of mathematics, physics, chemistry, biology to teach the integration of metacognitive techniques.

 **Keywords:** metacognitions, metacognitive approach, metacognitive abilities, metacognitive skills, metacognitive strategies.

Материал поступил в редакцию 21.02.2024 г.

FTAMP 14.35.07

DOI 10.59941/2960-0642-2024-1-63-70

Мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлі

Қ. М. Тайболатов^{1*}, М. Н. Постоялко²,
А. А. Нурлыбаева³, А. К. Турсунова⁴

¹Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

²«Павлодар қаласының гимназиялық сыныптары бар
инновациялық үлгідегі № 39 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ,
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

³Қаныш Сәтбаев атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

⁴Дулат Бабатайұлы атындағы № 89 мектеп-лицейі,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

*k.taibolatov@uba.edu.kz



Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлі зерттеледі. Зерттеудің мақсаты мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлі, эмоционалды интеллект пен мектеп білім алушыларының мамандық таңдаудағы ниеті мен әсер ететін факторларын зерттеу. Зерттеу Павлодар қаласының 8, 9 және 10 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеу эмоционалды интеллект деңгейін анықтауға арналған Д. Люсиннің «ЭМИн» сауалнамасы және авторлық кәсіптік бағдар беру сауалнамасын қолдану арқылы жүргізілді. Нәтижелер мектеп білім алушыларының эмоционалды интеллект деңгейі мамандық таңдаудағы ниеттерімен, сондай-ақ осы таңдауға әсер ететін факторлар мен кедергілермен байланысты екенін көрсетті. Эмоционалды интеллектуалды сауатты мектеп білім алушылары кәсіптің әлеуметтік маңыздылығына байланысты аспектілерді басшылыққа алады, ал эмоционалды интеллектісі төмен деңгейді көрсеткен мектеп білім алушылары материалдық аспектілер мен сыртқы әсер етуші факторларға бағытталған. Бұл нәтижелер мектеп білім алушыларын саналы мамандық таңдауға және болашақ жұмыс ортасында сәтті бейімделуге дайындау мақсатында эмоционалды интеллекттің дамуын білім беру процесіне біріктірудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл зерттеу білім беру мекемелері мен педагогтер, ата-аналар үшін практикалық жағынан маңызды болып табылады.



Түйінді сөздер: эмоционалды интеллект, кәсіби бағдар, мансаптық шешім қабылдау, мектеп, эмпатия.

99 Қалай дәйексез алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Тайболатов, Қ. М., Постоялко, М. Н., Нурлыбаева, А. А., Турсунова, А. К. Мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлі [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №1. – Б. 63-70

Кіріспе

Елдің экономикасын арттыру сапалы маман даярлаудан тығыз байланысты екені анық. Бұл, ең алдымен, мамандықты дұрыс таңдаудан басталады. Еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарына тікелей әсер ететін фактордың бірі болып отыр [1]. Бұл сыртқы фактор деп айтсақта болады, ал ішкі факторларға не жатады? PISA халықаралық зерттеулерінде кәсіптік жетілуге тек академиялық білім жеткіліксіз екеніне тоқталады. Қазіргі жас ұрпақ тек академиялық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар қызығушылықты, қиялды, эмпатияны, кәсіпкерлікті және төзімділікті қажет етеді. Олар өз жұмыс орындарын құру және мансаптарын жаңа жолмен басқару үшін сенімділік пен табандылықты қажет етеді [2].

Эмоционалды интеллект психологиялық дамудың маңызды аспектісін білдіреді, ол мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануына айтарлықтай әсер етеді. Өз эмоцияларын тану, түсіну және тиімді басқару, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және қарым-қатынас жасау қабілеті қазіргі заманды маңызды бола түсуде. Кәсіби бағдар контекстінде эмоционалды интеллект мотивацияны, болашаққа деген көзқарасты қалыптастыруда және білім мен мансап туралы шешім қабылдауда шешуші рөл атқарады.

Эмоционалды интеллект адамдардың, соның ішінде мектеп оқушыларының мансаптық шешім қабылдау процесіне айтарлықтай әсер етеді. Зерттеулер эмоционалды интеллект мансаптық бейімделу, мансаптық шешім қабылдаудағы өзіндік тиімділік, мансаптық мінез-құлық және мансаптық міндеттеме сияқты мансаптық шешім қабылдаудың әртүрлі аспектілерімен оң байланысты екенін

дәйекті түрде көрсетті [3]. Эмоционалды интеллектті арттыру мансаптық шешімдер қабылдаудағы қиындықтарды азайтады және оңтайлы мансаптық шешімдер қабылдауға деген сенімділікті арттырады [4, 5].

Эмпатия, сезімді пайдалану, қарым-қатынасты басқару және өзін-өзі бақылау сияқты факторлармен бағаланатын эмоционалды интеллект мансаптық шешім қабылдаудағы өзіндік тиімділікпен оң байланысты және кәсіби зерттеулер мен міндеттемелермен кері байланысты [6]. Эмоционалды интеллект мансаптық зерттеулер мен шешім қабылдау процесімен байланысты болды, оны дамытуға бағытталған іс-шаралар шешімсіздік пен мансаптық шешім қабылдаудағы қиындықтарды азайтуға мүмкіндік береді [7]. Fabio & Kenny зерттеулеріне мансаптық шешім қабылдауда эмоцияны түсіну мен басқарудың маңыздылығына тоқталады [8]. Ал, келесі зерттеулерде мансаптық шешім қабылдауда гендерлік фактордың рөлі туралы айтылады, яғни гендерлік ерекшеліктерге сай эмоционалды интеллект деңгейі әртүрлі болады және ол тікелей мансаптық шешім қабылдауға әсер ететіні ескеріледі [9]. Эмоционалды интеллектінің дамуына гендерлік факторлардан басқа да, академиялық факторлар әсер етеді және ол мансаптық шешім қабылдауда, академиялық қиындықтарды жеңуге көмектеседі делінген [10, 11].

Эмоционалды интеллект мектеп оқушыларының мансаптық шешім қабылдау процесін қалыптастыратын маңызды детерминант болып табыланы анық. Эмоционалды интеллектті кәсіптік бағдарлау саласына интеграциялау, әсіресе оның кәсіптік бағдарлауға және мектеп оқушыларының мансаптық шешім қабылдауына әсеріне қатысты айтарлықтай ғылыми қызығушылық тудырды.

Бұл зерттеудің мақсаты – мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлін зерттеу.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу Павлодар қаласының мектептерінде жүргізілді. Зерттеуге 8, 9, 10 сынып оқушыларынан барлығы 97 оқушы қатысты, оның ішінде 41,2 % (N=40) қыз бала, 58,8 % (N=57) ұл бала. Зерттеуге Д. Люсиннің «ЭМИн» сауалнамасы мен авторлық кәсіптік бағдарлау сауалнамасы таңдалып алынды. ЭМИн сауалнамасы 46 сұрақты құрайды және 4 шәкілден (тұлғааралық эмоционалды интеллект, тұлғаішілік эмоционалды интеллект, эмоцияны түсіну, эмоцияны басқару) және 5 субшәкілден (басқалардың эмоцияларын түсіну, басқалардың эмоциясын басқару, өз эмоциясын түсіну, өз эмоциясын басқару, экспрессияны бақылау) тұрады. Кәсіптік бағдарлануын зерттеуге арналған сауалнама құрастырылды. Сауалнама 3 бөлімді қамтыды: демографиялық деректер, мамандық таңдаудағы пәннің рөлі, мамандық таңдау ниеті бойынша. Демографиялық бөлімде жасы, жынысы, сыныбы, географиялық орналасуы қарастырылса, мамандық таңдаудағы пәннің рөлі келесі сұрақтарды қамтыды: Мектепте Сізге қандай пәндер ұнайды?, Сізге қандай іс-шаралар немесе хобби ұнайды?, Сізді болашақ мамандыққа не қызықтырады? Сіздің мамандық таңдауыңызға қандай кедергілер немесе факторлар әсер етуі мүмкін?

Зерттеу деректері 2024 жылдың қаңтар айында Google Form арқылы жиналды. Сілтемелер электронды пошта және WhatsApp месенджері арқылы таратылды. Google Form құруда, ең алдымен, ақпарат хат және келісім парағы, сосын демографиялық деректер, ЭМИн тесті, кәсіптік бағдарлау сауалнамасы енгізілді. Қатысушыларға өз еркімен қатысты және зерттеуден кез келген уақытта бас тартуға болатыны ескертілді.

Нәтижені өңдеу Google Form деректерді алудан басталды, барлық шәкілдер сандық шәкілге ауыстырылды және кодтал-

ды. Нәтижені өңдеуде SPSS бағдарламасы қолданылды.

Нәтижелер


Зерттеу нәтижесі бойынша ең алдымен ЭМИн әдістемесі бойынша білім алушылардың эмоционалды интеллект деңгейі анықталды. Эмоционалды интеллект деңгейі бойынша сауалнама сұрақтары бойынша алынған жауаптар талданды.

Білім алушылардың эмоционалды интеллект деңгейінің мамандық таңдаудағы ниетіне әсері анықталды. Бұнда білім алушылардың ниеті 5 негізгі аспект бойынша қарастырылды: басқа адамдарға көмектесу мүмкіндігі, қаржылық тұрақтылық және жоғары жалақы, әртүрлі орындарда жұмыс істеу және саяхаттау, креативті болу мүмкіндігі және басқа. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, мектеп білім алушыларының эмоционалды интеллект өте төмен және төмен деңгейі басымдылық танытты. Эмоционалды интеллектісі өте төмен деңгейдегі қатысушылардың 60% әртүрлі орындарда жұмыс істеу және саяхаттау дегенді көрсетсе, ал эмоционалды интеллектінің төмен деңгейінің 20 % қаржылық тұрақтылық және жоғары жалақыға басты мән берген. Ал, эмоционалды интеллектісі орташа және жоғары деңгейдегі қатысушылардың басым көпшілігі басқа адамдарға көмектесу мүмкіндігін алға тартады, бұл жерден эмпатияның рөлін көре аламыз (1-сурет).


Келесі кезекте эмоционалды интеллект пен мамандық таңдаудағы кедергілер арасындағы байланысты қарастырдық. Зерттеу нәтижесі бойынша эмоционалды интеллект деңгейі өте төмен қатысушылар мамандық таңдаудағы факторлар және кедергілер ретінде «ата-аналардың немесе басқалардың қысымы», «өзін-өзі бағалаудың төмендігі немесе өз қабілеттеріне деген сенімділіктің болмауы» деп жауап берсе, ал эмоционалды интеллектің орташа деңгейі бар қатысушылар қажетті білім алу үшін «қаржылық мүмкіндіктердің болмауы», «ешқандай кедергі жоқ» деген жауаптар берген. Ал, эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейінде «мен таңдаған

мамандық ұнамай қалуы мүмкін» деген жауаптар бар, бұдан білім алушылардың мамандық таңдауда өз еркімен ойланып,

әр нәрсені саралап, жан жақты қарастыратынын көре аламыз (2-сурет).



1-сурет – Білім алушылардың эмоционалды интеллектісі мен мамандық таңдауы арасындағы байланыс



2-сурет – Эмоционалды интеллект пен мамандық таңдаудағы кедергілер арасындағы байланыс

Жүргізілген зерттеудің қорытындылары білім алушылар арасында мамандық таңдау туралы шешім қабылдауда эмоционалды интеллекттің маңыздылығын анық көрсетеді. Біріншіден, эмоционалды интеллект деңгейі мен мамандық таңдаудағы артықшылықтар арасындағы анықталған байланыс олардың эмоцияларының хабардарлығы мен басқалардың сезімдерін түсіну қабілеті мансаптық мақсаттарды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Екіншіден, эмоционалды интеллект деңгейіне байланысты мамандық таңдауға әсер ететін анықталған кедергілер мен факторлар білім алушыларда осы дағдыларды дамытуға назар аудару қажеттілігін көрсетеді.

Білім алушылардың табысты кәсіби дамуы үшін техникалық дағдыларға ие болу ғана емес, сонымен қатар эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейіне ие болу маңызды. Осы құзыреттерді дамытуға инвестициялау оларға мамандық таңдауда ғана емес, сонымен қатар болашақ қиындықтарға сәтті бейімделуге және кәсіби жетістікке жетуге көмектеседі.

Талқылау

Біздің зерттеуімізде білім алушылардың мамандық таңдауында эмоционалды интеллектінің деңгейінің әсер ететіндігін айтқан болатынбыз. Ал, кейбір зерттеулерде бұған мамандықтың бөделі, болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігі, кәсіптен түсетін табыстың болжамды деңгейі, жеке мүдделері, мектептегі үлгерімі және отбасы мүшелерінің кәсіппен тікелей байланысты деген қортындыға келген [12].

Біздің зерттеуіміздегі келесі нысан мамандық таңдауда әсер ететін факторлар мен эмоционалды интеллектінің байланысын көрсетсек, яғни эмоционалды интеллектісі жоғары мектеп білім алушылары саналы түрде мамандық таңдаудағы рөлін көрсетсек, отандық Г. Төлеу және т.б. гендерлік, әлеуметтік-экономикалық мәртебе, сондай-ақ білім беру ұйымының (қала/ауыл) орналасқан жерін маңызды фактор деп көрсетеді [13].

Қорытынды

Қорытындылай келе, білім алушылардың эмоционалды интеллект деңгейі олардың мамандық таңдаудағы ниеттері мен қалауларына айтарлықтай әсер ететінін зерттеу нәтижелері көрсетті. Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары мектеп білім алушылары кәсіптің әлеуметтік маңыздылығына байланысты аспектілерге көбірек назар аударады, ал эмоционалды интеллектінің төменгі деңгейі материалдық аспектілерге назар аударады. Сонымен қатар мамандық таңдаудағы анықталған кедергілер мен факторлардың мектеп білім алушыларының эмоционалды интеллект деңгейімен байланысы бар: эмоционалды интеллектісі жоғары білім алушылар басқалардың қысымы немесе өз қабілеттеріне күмәндану сияқты кедергілерді саналы түрде жеңе алады.

Бұл нәтижелердің мектеп әкімшілігі, педагог-психологтар, ата-аналар үшін маңызы зор. Педагогикалық қызметкерлер бұл тұжырымдарды оқушыларды саналы және табысты мамандық таңдауға дайындауға көмектесетін мектептегі оқу процесіне эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу үшін пайдалана алады.

Мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарындағы эмоционалды интеллекттің рөлін зерттеу айтарлықтай практикалық маңызға ие және білім беру ортасында кәсіби өзін-өзі анықтауды қолдаудың тиімді стратегияларын әзірлеуге негіз бола алады.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Шнарбекова, М. К.** Жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдары мен кәсіби бағдарлау жұмысының ықпалы [Мәтін] // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2023. – Т. 86. – №. 3. – Б. 126-138.
2. **OECD (2023),** *PISA 2022 Results (Volume II): Learning During – and From – Disruption*, PISA, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/a97db61c-en>.
3. **Coetzee, M. and Harry, N.** (2014). Emotional intelligence as a predictor of employees' career adaptability. *Journal of Vocational Behavior*, 84(1), 90-97. <https://doi.org/10.1016/j.jvb.2013.09.001>

4. Santos, A., Wang, W., & Lewis, J. (2018). Emotional intelligence and career decision-making difficulties: the mediating role of career decision self-efficacy. *Journal of Vocational Behavior*, 107, 295-309. <https://doi.org/10.1016/j.jvb.2018.05.008>
5. Park, I., Gu, M., & Hai, S. (2020). How can personality enhance sustainable career management? the mediation effects of future time perspective in career decisions. *Sustainability*, 12(3), 1167. <https://doi.org/10.3390/su12031167>
6. Brown, C., George-Curran, R., & Smith, M. (2003). The role of emotional intelligence in the career commitment and decision-making process. *Journal of Career Assessment*, 11(4), 379-392. <https://doi.org/10.1177/1069072703255834>
7. Fabio, A. and Kenny, M. (2010). Promoting emotional intelligence and career decision making among italian high school students. *Journal of Career Assessment*, 19(1), 21-34. <https://doi.org/10.1177/1069072710382530>
8. Fabio, A. and Kenny, M. (2012). The contribution of emotional intelligence to decisional styles among italian high school students. *Journal of Career Assessment*, 20(4), 404-414. <https://doi.org/10.1177/1069072712448893>
9. Jiang, Z. (2016). Emotional intelligence and career decision-making self-efficacy: mediating roles of goal commitment and professional commitment. *Journal of Employment Counseling*, 53(1), 30-47. <https://doi.org/10.1002/joec.12026>
10. Parmentier, M., Pirsoul, T., & Nils, F. (2021). Career adaptability profiles and their relations with emotional and decision-making correlates among belgian undergraduate students. *Journal of Career Development*, 49(4), 934-950. <https://doi.org/10.1177/08948453211005553>
11. Ran, Z., Zeb, S., Nisar, F., Yasmin, F., Poulouva, P., & Haider, S. (2022). The impact of emotional intelligence on career decision-making difficulties and generalized self-efficacy among university students in china. *Psychology Research and Behavior Management*, Volume 15, 865-874. <https://doi.org/10.2147/prbm.s358742>
12. Kvirkvaia, M., Kikutadze, V., Sikharulidze, D., Shaburishvili, S., & Charaia, V. (2018). Study of factors affecting young people's professional orientation in Georgia. *Globalization and Business*, 3(6), 233-242.
13. Толу, Г., Жулбарисова, А., Мырзабекова, А. Карьерные предпочтения казахстанских подростков: факторы, влияющие на карьерные ожидания [Текст] // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 74. – №. 2. – С. 231-246.
2. OECD (2023), *PISA 2022 Results (Volume II): Learning During – and From – Disruption*, PISA, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/a97db61c-en>.
3. Coetzee, M. and Harry, N. (2014). Emotional intelligence as a predictor of employees' career adaptability. *Journal of Vocational Behavior*, 84(1), 90-97. <https://doi.org/10.1016/j.jvb.2013.09.001>
4. Santos, A., Wang, W., & Lewis, J. (2018). Emotional intelligence and career decision-making difficulties: the mediating role of career decision self-efficacy. *Journal of Vocational Behavior*, 107, 295-309. <https://doi.org/10.1016/j.jvb.2018.05.008>
5. Park, I., Gu, M., & Hai, S. (2020). How can personality enhance sustainable career management? the mediation effects of future time perspective in career decisions. *Sustainability*, 12(3), 1167. <https://doi.org/10.3390/su12031167>
6. Brown, C., George-Curran, R., & Smith, M. (2003). The role of emotional intelligence in the career commitment and decision-making process. *Journal of Career Assessment*, 11(4), 379-392. <https://doi.org/10.1177/1069072703255834>
7. Fabio, A. and Kenny, M. (2010). Promoting emotional intelligence and career decision making among italian high school students. *Journal of Career Assessment*, 19(1), 21-34. <https://doi.org/10.1177/1069072710382530>
8. Fabio, A. and Kenny, M. (2012). The contribution of emotional intelligence to decisional styles among italian high school students. *Journal of Career Assessment*, 20(4), 404-414. <https://doi.org/10.1177/1069072712448893>
9. Jiang, Z. (2016). Emotional intelligence and career decision-making self-efficacy: mediating roles of goal commitment and professional commitment. *Journal of Employment Counseling*, 53(1), 30-47. <https://doi.org/10.1002/joec.12026>
10. Parmentier, M., Pirsoul, T., & Nils, F. (2021). Career adaptability profiles and their relations with emotional and decision-making correlates among belgian undergraduate students. *Journal of Career Development*, 49(4), 934-950. <https://doi.org/10.1177/08948453211005553>
11. Ran, Z., Zeb, S., Nisar, F., Yasmin, F., Poulouva, P., & Haider, S. (2022). The impact of emotional intelligence on career decision-making difficulties and generalized self-efficacy among university students in china. *Psychology Research and Behavior Management*, Volume 15, 865-874. <https://doi.org/10.2147/prbm.s358742>
12. Kvirkvaia, M., Kikutadze, V., Sikharulidze, D., Shaburishvili, S., & Charaia, V. (2018). Study of factors affecting young people's professional orientation in Georgia. *Globalization and Business*, 3(6), 233-242.
13. Toleu, G., Zhulbarisova, A., Myrzabekova, A. Kar'ernye predpochtheniya kazhastanskih podrostkov: faktory, vliyayushchie na kar'ernye ozhidaniya [Tekst] [Career preferences of Kazakhstani teenagers: factors influencing career expectations] // Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya «Pedagogicheskie nauki». – 2022. – T. 74. – №. 2. – S. 231-246.

References

1. Şnarbekova, M. K. Joғary synyp oquşylarynyñ kәsibi ўstanymdary men kәsibi baғdarlau jўmysynyñ yqpaly [Mәtin] [Influence of professional positions and Career Guidance work of high school students] // QazUU Habarşysy. Psihologija jәne sosiologija seriasy. – 2023. – T. 86. – №. 3. – B. 126-138.

Роль эмоционального интеллекта в профессиональной ориентации обучающихся школы

К. М. Тайболатов^{1*}, М. Н. Постоялко²,
А. А. Нурлыбаева³, А. К. Турсунова⁴

¹Национальная академия образования им. И. Алтынсарина,
г. Астана, Республика Казахстан

²КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 39 инновационного типа с
гимназическими классами города Павлодара»,
г. Павлодар, Республика Казахстан

³Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Каныша Сатпаева,
г. Астана, Республика Казахстан

⁴Школа-лицей № 89 имени Дулата Бабатайұлы
г. Астана, Республика Казахстан

*k.taibolatov@uba.edu.kz



Аннотация. В данной статье исследуется роль эмоционального интеллекта в профессиональной ориентации школьников. Целью исследования является изучение роли эмоционального интеллекта в профессиональной ориентации обучающихся школы, эмоциональной интеллектности и факторов, влияющих на желание и выбор профессии учащимися школы. Исследование проводилось среди учащихся 8, 9 и 10 классов г. Павлодара. Исследование проводилось с использованием анкеты Д. Люсина «ЭМИн» для определения уровня эмоционального интеллекта и авторской профориентационной анкеты. Результаты показали, что уровень эмоционального интеллекта школьников коррелирует с намерениями при выборе профессии, а также с факторами и препятствиями, влияющими на этот выбор. Эмоционально интеллектуально грамотные школьники руководствуются аспектами, связанными с социальной значимостью профессии, в то время как школьники, продемонстрировавшие низкий уровень эмоционального интеллекта, ориентируются на материальные аспекты и внешние влияющие факторы. Эти результаты подчеркивают важность интеграции развития эмоционального интеллекта в образовательный процесс с целью подготовки школьников к осознанному выбору профессии и успешной адаптации в будущей рабочей среде. Данное исследование имеет практическое значение для образовательных учреждений и педагогов, родителей.



Ключевые слова: эмоциональный интеллект, профессиональная ориентация, принятие карьерных решений, школа, эмпатия.

The role of emotional intelligence in professional orientation of school students

K. M. Taibolatov^{1*}, M. N. Postoyalko², A. A. Nurlybaeva³, A. K. Tursunova⁴

¹National Academy of Education named after I. Altynsarin,
Astana, Kazakhstan

²KSU «Secondary General Education School № 39
of innovative type with gymnasium classes of Pavlodar city»,
Pavlodar, Kazakhstan

³BINOM SCHOOL lyceum school named after Kanysh Satpayev,
Astana, Kazakhstan

⁴Dulat Babatayuly School-lyceum №89 named after Dulat Babatayuly
Astana, Kazakhstan

*k.taibolatov@uba.edu.kz



Abstract. This article investigates the role of emotional intelligence in the professional orientation of school students. The purpose of the research is to study the role of emotional intelligence in the professional orientation of school students, emotional intelligence and factors affecting the desire and choice of profession by school students. The study was conducted among students of 8th, 9th and 10th grades in Pavlodar. The study was conducted using D. Lucin's questionnaire «Emln» to determine the level of emotional intelligence and the author's career guidance questionnaire. The results showed that the level of emotional intelligence of schoolchildren correlates with intentions in choosing a profession, as well as with the factors and obstacles affecting this choice. Emotionally intelligent pupils are guided by aspects related to the social significance of the profession, while pupils who demonstrated low levels of emotional intelligence are oriented towards material aspects and external influencing factors. These results emphasize the importance of integrating the development of emotional intelligence into the educational process in order to prepare schoolchildren for an informed choice of profession and successful adaptation in the future working environment. This study has practical significance for educational institutions and teachers and parents.



Key words: emotional intelligence, professional orientation, career decision-making, school, empathy.

Материал баспаға 20.02.2024 келіп түсті.



Арнайы және инклюзивті білім беру

Специальное и инклюзивное образование

Special and inclusive education

FTAMP 14.25.05

DOI 10.59941/2960-0642-2024-1-71-81

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-ерік саласының ерекшеліктері

Г. М. Қайырбекова*¹, К.С. Тебенова²

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

*gulnur.kajyrbekova01@mail.ru



Аңдатпа. Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-ерік саласының ерекшеліктері және оның оқудағы жетістіктеріне әсері қаралады. Әлеуметтендірудің маңыздылығына және эмоционалды дамудың осы үдеріске әсеріне назар аударылады. Психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалды-ерік саласының негізгі тенденциялары мен типтік ерекшеліктерін, эмоционалды реакциялары мен ерікті қасиеттері сипатталды. Олардың мақсат қою, жоспарлау және шешім қабылдау сияқты ерікті қабілеттері жиі нашарлауы тапсырмаларды өз бетінше орындау және жауапкершілікті орындау қабілетіне әсері сипатталған. Проблеманың әртүрлі аспектілері, оның ішінде эмоционалды бұзылуларды түсінудің теориялық тәсілдері, диагностика және түзету әдістері, сондай-ақ осы балалардың қоғамға кірігу стратегиялары баяндалады. Психикалық дамуы тежелген балаларда эмоционалды реакциялар мен ерікті процестерді қалыптастыру механизмдерін, олардың әлеуметтік өзара әрекеттесудегі ерекшеліктерін, сондай-ақ түзету және психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерін зерттеу маңызды болып табылады. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды және ерікті дамуын қолдау үшін ерте және мақсатты араласудың, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оларды оқыту мен дамытуға кешенді тәсілдің маңыздылығы атап өтіледі. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-ерік саласының қалыптасу және мектептегі мазасыздық деңгейі анықталды. Сонымен қатар балалардың эмоционалды-ерік саласын арт-технологияларды пайдалану арқылы дамытуға арналған «Өмір бояулары» түзету бағдарламасына шолу жасалды.



Кілт сөздер: психикалық дамудың тежелуі, эмоционалды-ерік сала, әлеуметтену, арт-технологиялар, әлеуметтік бейімделу, әдіс-тәсілдер.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Қайырбекова, Г. М., Тебенова, К. С. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-ерік саласының ерекшеліктері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №1. – Б. 71-81.

Кіріспе

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп – жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс. Қазіргі уақытта елімізде ерекше білім алуды қажет ететін балалар санының көбеюі денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жыл санап ерекше білім алуды қажет ететін балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрды. Ерекше білім алуды қажет ететін балалар ішінде жетекші топ ретінде қарастырылған балалардың психикалық дамуының тежелу жағдайындағы психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктері оқу мен тәрбиелеу жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Психикалық дамудың тежелуі бар балаларда нейродинамикалық процестердің тұрақсыздығына байланысты зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы кеш қалыптасады [1]. Психикалық дамуы тежелген балалардың оқу үлгерімі 1-сыныптан бастап төмен болып келеді, бірақ анық белгілері 2-3 сыныпта белгілі болады. Оқу процесінде олар бірнеше қиындықтарға кездеседі: сабақ процесіне жай қосылады, оқу материалын кеш қабылдайды, берілген тапсырманы мұғалімнің көмегіне орындай алмайды, оқу мен жазуда, оқыған мәтінін мазмұнын айту барысында және есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді, тез шаршағыш және сыныптастарымен аз араласады, өз ойын анық айта алмайды. Әсіресе, бұл санаттағы балаларға жағымды ара қатынастарды, байланыстарды орнату қиынға беріледі. Психикалық даму табиғатына, ауытқудың құрылымына сәйкес, балалар бойындағы жетілмеген тұлғалық ерекшеліктер, соматикалық әлсіздіктер сияқты ерекшеліктер балалар арасындағы жылы байланыстарды эмоционалды-ерік саласымен реттеліп, орнатуды талап етеді. Сонымен қоса ол түзету жолын оңтайландырудың көзі болып есептеледі.

Осыған байланысты таным процесстерін дамытумен қатар, балалардың эмоционалды ерік саласын қалыптастырудың тиімді психологиялық-педагогикалық жолдарын құрастыру сұрағы туындайды.

Қазіргі уақытта «эмоционалды-ерікті сала» ұғымын анықтауға бірыңғай көзқарас жоқ. «Эмоционалды-ерікті сала» ұғымы белгілі бір жағдайларда әртүрлі іс-әрекеттерді реттеудің ерекшеліктерін сипаттайды, себебі ол біртұтас механизм ретінде әрекет етеді.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларында жетекші іс-әрекет әлі де ойын болғандықтан оқу басталған сәтте оқу мотивациясы жеткілікті түрде қалыптаспайды. Балаларда ерікті қасиеттердің тиісті түрде қалыптаспауына байланысты оған қол жеткізу бойынша мақсат қоя алмайды, жоспарлай алмайды және жүзеге асыра алмайды.

Психикалық дамуы тежелген балалар эмоциясының дамуына, мектептегі оқитудың басталуына байланысты, дамудың әлеуметтік жағдайының түбегейлі өзгеруі айтарлықтай әсер етеді. Балалардың эмоциялық реакциялары импульсивтілігімен, эмоциялардың қысқа мерзімділігімен және нақты ағымдағы оқиғалармен байланысымен сипатталады [2].

Психикалық дамуы тежелген балаларға эмоциялардың дұрыс ұйымдастырылмауы, баланың өзіне және басқа балалардың реакцияларына қатысты сындарлы еместігі, өзін-өзі бағалаудың сәйкессіздігі және эмоциялардың тұрақсыздығы тән.

Психикалық дамудан тежелген эмоционалды даму баланың қалыпты дамуы сияқты заңдарға бағынады. Бұдан басқа, психикалық дамуы тежелген балалардың әлеуметтену ортасының әсеріне неғұрлым бейім болуына байланысты эмоциялардың даму ерекшеліктері бар. Жалпы алғанда, психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық аясы психикалық инфантильдікке тән қасиеттермен сипатталады.

Артемьева Т. П. өз мақаласында психикалық дамуы тежелген балалардың эмоци-

ялық саласын зерттеп, осы саланың түрлі тетіктері мен қасиеттерін анықтады [3]. Зерттеу мұндай балалардың әлеуметтік бейімделуі үшін эмоциялардың маңыздылығын, әсіресе тәрбиедегі эмоциялық аспектілерді тереңірек түсінуді талап ететін қазіргі заманғы үрдістер контекстінде көрсетеді.

Утешова Т.Н. «Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық күйін психологиялық-педагогикалық түзету» атты мақаладсына психикалық дамуында ауыр бұзылулары бар бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық құзыреттілігін жақсарту үшін педагогикалық әдістерді әзірлеуді сипаттады [4]. Ол мұндай оқушылардың абстрактілі ойлау мен ақпаратты қабылдаудағы қиындықтарын ескере отырып, осы тақырыптың маңыздылығын атап көрсетеді. Зерттеу балалардың осы санатындағы эмоциялардың психологиялық табиғатын талдауды, оқытудың арнайы әдістерін әзірлеуді және олардың абстрактілі ұғымдар мен эмоцияларды қабылдау ерекшеліктерін анықтауды қамтыды.

И.В. Зеленкова және Ю.Ю. Мазур «ПДТ бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық саласын дамытудың ерекшеліктері мен педагогикалық жағдайлары» жұмысында психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық саласын дамытудың ерекшеліктері зерделенеді [5]. Авторлар ПДТ балалардың ойдағыдай эмоциялық бейімделуіне және әлеуметтенуіне ықпал ететін педагогикалық тәсілдер мен жағдайларға назар аударады. Зерттеу нәтижелері педагогтер мен мамандарға балалардың осы тобының эмоциялық дамуын қолдау үшін тиімді стратегиялар әзірлеуге көмектеседі.

Материалдар мен әдістер

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-ерік саласының қалыптасу деңгейін объективті түрде анықтау үшін әдістемелерден тұратын диагностикалық зерттеу бағдарламасы жасалды. Зерттеу Қарағанды облысы білім басқармасының «№4 арнайы мектеп-интернаты» КММ жүргізілді. Зерттеуге психикалық дамуы тежелген 3-сынып

оқушылары қатысты. Жалпы бала саны: 20, ұл бала – 11, қыз бала – 9. Балалардың орта жасы шамамен 9-10 жас. Эксперимент жүргізу барысында балалар 2 топқа бөлінді: эксперимент тобы – 10 бала, бақылау тобы – 10 бала.

Зерттеу жүргізу барысында келесі әдістемелер қолданылды:

1. «Эмоционалды беттер» әдістемесі Н.Я. Семаго [6]. Әдістеменің мақсаты – эмоционалды жағдайды барабар тану мүмкіндігін бағалау, осы танудың дәлдігі мен сапасы (нәзік эмоционалды дифференциациялар), баланың жеке тәжірибесімен байланыстыру мүмкіндігі. Әдістеме 2 кезеңнен тұрады: 1-кезең – 3 сурет, 2-кезең – 14 сурет.
2. Мектептегі мазасыздықты диагностикалаудың проективті әдістемесі (автор А.М. Прихожан) [7]. Әдістеменің мақсаты – мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау. А.М. Прихожан мазасыздықтың жалпы деңгейін суреттегі баланың көңіл-күйін қайғылы, көңілсіз, ашулы, іші пысқан деп сипаттайтын субъектілердің «қолайсыз» жауаптары бойынша бағалауды ұсынады. Әдістеме қыздарға және ұлдарға арналған 12 суреттік 2 жиынтықтан тұрады.
3. Т.И. Шульганың оқушылардың ерікті қасиеттерінің даму деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы [8].

Әдістеменің мақсаты: бақылау арқылы бастауыш сынып оқушыларының ерікті қасиеттерінің даму деңгейін анықтау. Әдістеме эксперименттік зерттеуге қатысушылардың ата-аналарына және зерттеу авторына (сынып жетекшісіне) ұсынылады. Әдістеме 11 сұрақтан тұрады. Жауап бланкісінде ата-аналар мен сынып жетекшісінің жауаптары бөлек торларға белгіленеді.


Барлық әдістемелер мектепте жүргізілді, тек ата-аналарға сауалнама үйде толтыруға берілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізуге балалардың ата-аналарынан рұқсат алынып, ата-аналардың өтініші бойынша балалар туралы жеке ақпарат зерттеуге жазылмады.

Нәтижелер

«Эмоционалды беттер» әдістемесі бойынша эмоционалды күйлер туралы идеяның қалыптасуының орташа деңгейі эксперименттік топтың 3 қатысушысында және бақылау тобының 4 қатысушысында анықталды, себебі оқушылар эмоцияларды дұрыс ажырата алмайды, оларды әрдайым бейнелей алмайды. «Эмоциялар сөздігі» жеткіліксіз дамыған. Суреттер бойынша құрастырылған әңгімелер жет-

кілікті эмоционалды емес, нақты сюжет болған жоқ.


Эмоциялық күйлер туралы идеяның қалыптасуының төмен деңгейі эксперименттік топтың 7, бақылау тобының 6 қатысушысында анықталды, себебі оқушылар эмоцияларды ажыратпайды, оларды бейнелей алмайды. Суреттерден құрастырылған әңгімелердің сюжеті жоқ, эмоционалды түрде боялмаған. Оқушылар өздерін әңгімелерінің кейіпкерлерімен сәйкестендірмейді (1-сурет).



1-сурет. «Эмоционалды беттер» әдістемесінің нәтижелері

Мектептегі мазасыздықты диагностикалаудың проективті әдістемесі бойынша мектептегі мазасыздықтың жоғары деңгейі эксперименттік топтың 6 қатысушысында және бақылау тобының 7 қатысушысында анықталды; мектептегі мазасыздықтың

орташа деңгейі эксперименттік топтың 4 қатысушысында және бақылау тобының 3 қатысушысында анықталды; екі топтың қатысушыларында мектептегі мазасыздықтың төмен деңгейі анықталған жоқ (2-сурет).




2-сурет. Мектептегі мазасыздықты диагностикалаудың проективті әдістемесінің нәтижелері

Т.И. Шульганың оқушылардың ерікті қасиеттерінің даму деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы бойынша ерікті қасиеттердің дамуының жоғары деңгейі эксперименттік топ пен бақылау тобына қатысушылардың ешқайсысында анықталған жоқ.

Ерікті қасиеттердің дамуының орташа деңгейі эксперименттік топтың 2 қатысушыларында және бақылау тобының 3 қатысушыларында анықталды. Білім алушылар тәртіп пен мінез-құлық ережелерін толық сақтамайды, мақсаттар қою және оларға қол жеткізу қиынға соғады. Кез келген әрекетті орындау кезінде қиындықтар туындайды. Білім алушылар

қабылданған шешімді, істі жүзеге асыруға кедергі келтіретін іс-әрекеттерді, сезімдерді тежей алмайды.

Ерікті қасиеттердің дамуының төмен деңгейі эксперименттік топтың 8 қатысушысында және бақылау тобының 7 қатысушысында анықталды. Білім алушылар өз уақытын үнемдеуді, жоспар бойынша жұмыс істеуді, жоспарлауды және белгіленген мақсаттарды нақты орындауды, оларды соңына дейін жеткізуді, ересек адамның барлық нұсқауларын дәл орындауды білмейді. Жұмыста тырысу, қызметке деген ұмтылыстың болмауы байқалады (3-сурет).



3-сурет. Т.И. Шульганың оқушылардың ерікті қасиеттерінің даму деңгейін анықтауға арналған сауалнамасының нәтижелері

Жүргізілген зерттеудің анықтаушы бөлімі келесі нәтижелерді берді:

- эксперименттік зерттеудің анықтаушы кезеңінің нәтижелерін жалпылау эксперименттік және бақылау тобында қатысушылардың көпшілігінде эмоционалды-ерікті саланың қалыптасу деңгейі төмен деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді;
Г. Мин и др. исследовали актуальные темы и направления в области непрерывного образования в Китае с использованием методов анализа больших данных. Авторы статьи провели анализ литературы и исследований в области непрерывного образования и оценили перспективы прогнозирования потребностей в непрерывном образовании, разработки персонализированных обучающих программ, оценки эффективности и качества учебных программ и ресурсов, а также анализа поведенческих данных студентов [20]. Для разработки более эффективных и адаптированных образовательных стратегий и политик, а также улучшения качества непрерывного образования в Казахстане, также следует применить интегрированную систему сбора и анализа данных, которая позволит эффективно отслеживать и оценивать процессы и результаты образовательных программ. Это, кроме прочего, позволит усилить сотрудничество между учебными заведениями, образовательными организациями и промышленным сектором для разработ-

ки программ, которые соответствуют современным требованиям рынка труда.

Статья А. Мескита Оливейра и др. предложили решение проблем, связанных с преподаванием астрономии, путем использования непрерывного образования. Авторы статьи провели анализ проблем, с которыми сталкиваются преподаватели астрономии в процессе обучения, такие как ограниченные знания и недостаток актуальной информации, несоответствие учебных программ современным практикам обучения и отсутствие доступных образовательных ресурсов. Исследователи рассмотрели непрерывное образование как инструмент, который позволяет педагогам повысить свои знания и компетенции, быть в курсе последних научных открытий и новых педагогических подходов. В исследовании также были предложены конкретные шаги и стратегии для реализации непрерывного образования в области астрономии, такие как организация специализированных курсов, семинаров и вебинаров, создание онлайн-ресурсов и платформ для обмена опытом и информацией, а также поддержка и стимулирование педагогов в их профессиональном развитии [21]. Рассмотренная статья акцентирует внимание на профессиональном развитии педагогов и необходимости обновления их знаний и компетенций, что раскрывает идею необходимости непрерывного образования. В проведенном исследовании непрерывное образование рассматривается как средство для повышения качества образования в Казахстане, а в рассмотренной статье – как решение проблем, связанных с преподаванием астрономии.

Статья Р. Шахтер и др. посвящена разработке рекомендаций для выбора лучших программ профессионального развития для учителей. Авторы статьи изучили важность профессионального развития в области образования детей раннего возраста и его влияние на повышение качества образования. В ходе работы были составлены рекомендации, которые следует учитывать при выборе программ профессионального развития, основан-

ные на лучших практиках, а именно: соответствие национальным стандартам и регуляторным требованиям, квалификация и опыт педагогов, доступность и гибкость программы, наличие поддержки и сопровождения, а также доказательства эффективности и результатов обучения [22]. Выбор наиболее подходящего подхода к профессиональному развитию зависит от запроса учителей, контекста учебной среды и потребностей учащих. Эти рекомендации имеют особое значение и актуальны для сферы образования в Казахстане, где уделяется внимание качественному образованию детей в раннем детстве. Правильный выбор программ профессионального развития позволит учителям развивать свои навыки и адаптировать свою практику к современным требованиям и лучшим практикам. Это, в свою очередь, способствует созданию благоприятной и разнообразной образовательной среды, где дети смогут эффективно развиваться.

Рассмотренные работы продемонстрировали общую идею о необходимости непрерывного образования для педагогов, что может решить проблемы, связанные с ограниченными знаниями, несоответствием учебных программ и доступностью образовательных ресурсов. Также подчеркивалась важность организации специализированных курсов, семинаров и создания онлайн-ресурсов для обмена опытом и информацией для повышения качества школьного образования.

Выводы

Проведенное исследование продемонстрировало, что НТО педагогов играет важную роль в профессиональном развитии учителей. Было выявлено, что педагоги должны быть готовы к постоянному обновлению своих знаний и навыков, чтобы эффективно реагировать на изменения в образовательной среде и обеспечивать высокое качество образования, а изучение теоретико-методологических основ непрерывного технологического образования предоставит педагогам необходимые инструменты и практические знания

для организации своего профессионального развития.

Исследование ставило перед собой задачу оценить актуальную ситуацию с НТО в Казахстане. Было выявлено, что в Казахстане существует значительный потенциал для развития информационно-коммуникационных технологий в образовании. Результаты исследования продемонстрировали, что большинство учителей осознают важность НТО для образовательного процесса и выражают готовность использовать их в своей педагогической практике. Однако, также была выявлена необходимость дальнейшей поддержки и обучения педагогов для успешной интеграции ИКТ в учебную программу и повышения качества образования.

Также в работе были представлены рекомендации по улучшению профессиональных компетенций педагогов. В частности, были даны рекомендации по проведению систематического обучения и тренингов, направленных на развитие навыков использования информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе. Развитие педагогических компетенций в области эффективного применения НТО также было определено как важное направление. Дополнительные рекомендации включали создание сетевых сообществ и площадок для обмена опытом и лучших практик, установление партнерских связей между образовательными учреждениями для обеспечения доступа к современным технологическим ресурсам и экспертизе. Внедрение этих рекомендаций может способствовать улучшению качества образования и подготовке учащихся к современным вызовам и возможностям в информационном обществе.

Для улучшения ситуации с НТО педагогов дальнейшие исследования рекомендуют сосредоточиться на разработке политик и программ поддержки и обучения педагогов для успешной интеграции ИКТ в учебную практику, а также инвестиций в инфраструктуру и профессиональное развитие педагогов для эффектив-

ной реализации потенциала информационно-коммуникативных технологий в образовании. Это позволит улучшить качество образования, повысить профессиональные навыки педагогов и обеспечить успешную интеграцию ИКТ в учебные программы.

Список использованных источников / References

1. **Kozhabergenova, A., & Kopp, E.** (2021). Preparation of Economics Teachers in Kazakhstan. *LUMEN Proceedings*, 16, 229-246. <https://www.proceedings.lumenpublishing.com/ojs/index.php/lumenproceedings/article/view/670>
2. **Karstina, S.** (2021). Educators Training in the Context of Socio-Economic and Technological Trends of Kazakhstan. In: Auer, M.E., & Rüttmann, T. (Eds.), *Educating Engineers for Future Industrial Revolutions (68-75)*. *Advances in Intelligent Systems and Computing*. Cham: Springer. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-68201-9_7
3. **Imasheva, T., et al.** (2021). Scientific Comparative Analysis of Professional Self-Development of Future Social Pedagogue in Kazakhstan and Abroad. *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 16(4), 1947-1955. <https://eric.ed.gov/?id=EJ1316356>
4. **Panchenko, L.** (2019). Methodology of Using Structural Equation Modeling in Educational Research. *ICTERI Workshops*. <https://www.semanticscholar.org/paper/Methodology-of-Using-Structural-Equation-Modeling-Panchenko/b2cd49032aeeb5a5c07f27a06ef6e56129ceeb33>
5. **Duisenova, S., et al.** (2020). Sociological Analysis of Educational Strategies in the System of Higher Education in Kazakhstan. *Space and Culture, India*, 7(4), 181-193. <https://www.spaceandculture.in/index.php/spaceandculture/article/view/790>
6. **Khokhotva, O., & Albizuri, I.** (2020). Analysis of Factors Influencing Teachers' Instructional Practices and Innovation in Kazakhstan: Evidence from TALIS 2018. *International Journal for Lesson and Learning Studies*, 9(2), 153-166. <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/IJLLS-06-2019-0054/full/html>
7. **Zakariya, Y.** (2020). Investigating Some Construct Validity Threats to TALIS 2018 Teacher Job Satisfaction Scale: Implications for Social Science Researchers and Practitioners. *Social Sciences*, 9(4), 38. <https://www.mdpi.com/2076-0760/9/4/38>
8. OECD. (2019). *TALIS 2018 Results (Volume I): Teachers and School Leaders as Lifelong Learners*, TALIS. OECD Publishing: Paris. <https://doi.org/10.1787/1d0bc92a-en>
9. **Hämäläinen, R., et al.** (2021). Understanding teaching professionals' digital competence: What do PIAAC and TALIS reveal about technology-related skills, attitudes, and knowledge? *Computers in Hu-*

- man Behavior, 117, 106672. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0747563220304192>
10. **Wiens, P., et al.** (2022). Examining the relationship between instructional practice and social studies teacher training: A TALIS study. *The Journal of Social Studies Research*, 46(2), 123-133. <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0885985X21000152>
 11. **Neuwirth, L., et al.** (2021). Reimagining higher education during and post-COVID-19: Challenges and opportunities. *Journal of Adult and Continuing Education*, 27(2), 141-156. <https://journals.sagepub.com/doi/pdf/10.1177/1477971420947738>
 12. **Hightower, A., et al.** (2021). Formal mentorship and instructional practices: A Teaching and Learning International Survey (TALIS) study of US teachers. *International Journal of Mentoring and Coaching in Education*, 10(1), 118-132. <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/IJMCE-06-2020-0030/full/html>
 13. **Chaw, E., et al.** (2022). The role of practicum in teacher education policy documents in Ethiopia, Myanmar, Kazakhstan, and Iran. *Journal of Education Sciences*, 2(46), 14-26. <https://www.cceol.com/search/article-detail?id=1087502>
 14. **Karalis, T., & Raikou, N.** (2020). Teaching at the Times of COVID-19: Inferences and Implications for Higher Education Pedagogy. *International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences*, 10(5), 479-493. <https://pdfs.semanticscholar.org/320f/5c9327273e377395e318ed63ab9d252ce855.pdf>
 15. **Enterieva, M.** (2022). A Look at Pre-Service Teacher Training and its Challenges in Post-Soviet Kyrgyzstan and Turkey. *Mustafa Kemal University Journal of Faculty of Education*, 6(10), 29-41. <https://dergipark.org.tr/en/pub/mkuefder/issue/74783/1144697>
 16. **An, Y., et al.** (2021). What influences teachers' self-efficacy in East Asia? Evidence from the 2018 Teaching and Learning International Survey. *Social Behavior and Personality: An International Journal*, 49(5), 1-13. <https://www.ingentaconnect.com/content/sbp/sbp/2021/00000049/00000005/art00011>
 17. **Zhang, et al.** (2021). Kernel Causality Among Teacher Self-Efficacy, Job Satisfaction, School Climate, and Workplace Well-Being and Stress in TALIS. *Frontiers in Psychology*, 12. <https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/fpsyg.2021.694961/full>
 18. **Berkovich, I., & Benoliel, P.** (2020). Marketing teacher quality: Critical discourse analysis of OECD documents on effective teaching and TALIS. *Critical Studies in Education*, 61(4), 496-511. <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/17508487.2018.1521338>
 19. **Veletic, J., & Olsen, R.** (2021). Exploring school leadership profiles across the world: A cluster analysis approach to TALIS 2018. *International Journal of Leadership in Education*. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/13603124.2021.1953612>
 20. **Min, G., et al.** (2021). Chinese Continuing Education Research Hotspots under Big Data Background. *IEEE International Conference on Educational Technology (ICET)*, Beijing, China. <https://ieeexplore.ieee.org/abstract/document/9563149>
 21. **Mesquita Oliveira, A., et al.** (2020). Continuing education: A solution proposal for problems in the teaching of Astronomy. *Ifes Science Journal*, 2002.05444. <https://ui.adsabs.harvard.edu/abs/2020arXiv200205444M/abstract>
 22. **Schachter, R., et al.** (2019). Guidelines for Selecting Professional Development for Early Childhood Teachers. *Early Childhood Education Journal*, 47, 395-408. <https://link.springer.com/article/10.1007/s10643-019-00942-8>

Заманауи жағдайда педагогтерге үздіксіз технологиялық білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Б. Т. Аушахманова

Павлодар облысы білім беру басқармасының
«Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
aushahmanovaizrov@mail.ru



Аннотация. Зерттеудің өзектілігі заманауи жағдайда педагогтерге үздіксіз технологиялық білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін ұсыныстар мен стратегияларды әзірлеу қажеттілігімен байланысты. Осыған байланысты бұл мақала Қазақстандағы үздіксіз технологиялық білім беру саласындағы өзекті жағдайды анықтауға бағытталған. Бұл мәселені зерттеудің жетекші әдісі педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту жүйесінің әртүрлі компоненттерінің өзара әрекеттесуін анықтауға және осыған байланысты мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік беретін жүйелі талдау болды. Ғылыми танымның келесі әдістері де қол-

данылды: логикалық, салыстыру, синтез, индукция, дедукция, жіктеу, респонденттерге сауалнама жүргізу.

Мақалада қазақстандық мектептердің респондент-педагогтеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері ұсынылды – кәсіби білімді өзектендірудің қолданыстағы әдістерінің қажеттілігі мен сапасы туралы, алынған нәтижелерді TALIS 2018 халықаралық зерттеуінің нәтижелерімен салыстыру жүргізілді, ағымдағы жағдай мен алдыңғы деректер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталды және сипатталды, педагогтердің біліктілігін арттыру әдістерінің қажеттілігі мен сапасына қатысты үрдістер мен өзгерістер талданды, педагогтердің ақпараттық-әдістемелік жұмыс әдістерін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ашылды, коммуникативтік технологиялармен, ұсынымдар берілді, олардың кәсіби білімінің сапасын арттыруға бағытталған, мұндай білімді білім беру жүйесінің контекстінде қолдану перспективалары сипатталған, педагогтердің үздіксіз технологиялық білім беру саласындағы мүмкін проблемалар анықталған, оларды шешу тәсілдері негізделген.

Зерттеу материалдары Қазақстандағы педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын жетілдіру үшін пайдаланылуы мүмкін.



Түйінді сөздер: біліктілікті арттыру; ақпараттық-коммуникативтік технологиялар; заманауи кәсіби құзыреттіліктер; тәлімгерлік; педагог жұмысының тиімділігі; құрылымдық тәсіл.

Theoretical and methodological foundations of continuous technological education of teachers in modern conditions

B. T. Aushakhmanova

CSI “Innovation Center for Education Development”
of the Department of Education of Pavlodar region,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan
aushahmanovaizrov@mail.ru



Abstract. The relevance of this study stems from the necessity to develop recommendations and strategies for the effective implementation of continuous technological education for educators in modern conditions. In this regard, this paper aims to define the current situation in the field of continuous technological education in Kazakhstan. The primary research method employed to address this issue was systemic analysis, which allowed for the identification of interactions among various components of the system for developing educators' professional competencies and the development of recommendations to solve associated problems. The following methods of scientific cognition were also used: logical, comparison, synthesis, induction, deduction, classification, and survey of respondents. The paper presents the results of the conducted survey of respondents – teachers from Kazakhstani schools – regarding the necessity and quality of existing methods for updating professional knowledge. A comparison is made between the obtained results and the outcomes of the international TALIS 2018 study. Similarities and differences between the current situation and previous data are identified and described. Trends and changes in terms of the necessity and quality of teachers' professional development methods are analysed. The theoretical and methodological foundations of educators' approaches to working with information and communication technologies are elucidated. Recommendations aimed at enhancing the quality of their professional knowledge are provided. Perspectives on the application of such knowledge within the educational system are discussed. Potential issues within the realm of continuous technological education for educators are identified,

and approaches to addressing these issues are substantiated. The research materials can be used to improve teacher training programmes in Kazakhstan.



Keywords: professional development; communication technologies; professional competencies; mentoring; teacher's work efficiency; constructivist approach.

Материал поступил в редакцию 11.02.2024 г.

Қазақ әдебиеті сабағының сапасы мен мұғалімнің құзыреттілігі: талдау негізіндегі ұсыныстар

Д. Н. Булатбаева

А. Байтұрсынұлы атындағы BINOM SCHOOL

мектеп-лицейі, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

dinara_bulatbaeva@mail.ru



Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиеті мұғаліміне қойылатын талаптар мен оның тәжірибедегі көрінісі, қажетті кәсіби құзыреттілікті дамытудағы кедергілер қарастырылады. Әдебиет пәні мұғалімінің кешенді көпкомпонентті құзыреттілігі мазмұны бі. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында анықталып жазылған. Осы мазмұн негізінде бүгінгі күні толыққанды іске асырылмай жатқан мектепте сапалы әдебиеттік білім беру мәселесі бойынша мұғалімнің әрекеті қандай болу керек? Ол тек қана пәнді оқыту емес, соның негізінде оқушыларды ұлттық құндылыққа баулу, олардың эмоционалдық интеллектісін қалыптастыру, ақпараттық технологияларды оқушыларға пайдалы қолдануға үйрету, уақытты үнемдеу және тиімді қолдану сияқты оқушылардың метапәндік құзыреттілігін дамыта білуі қажет. Осы орайда әдебиет сабақтарына бақылау жүргізу негізінде, жас әдебиет мұғалімінің кәсіби жұмысындағы олқылықтар анықталған. Сонымен қатар, білім беру саласындағы кез келген пән сияқты қазақ әдебиеті бойынша да пәндік-мазмұндық, педагогикалық, дидактикалық, психологиялық, әдістемелік және пәнаралық компонент, сонымен қатар, пәннің өзіндік ерекшелігіне сай этика-философиялық, тарихи-мәдени компонент қамтылатыны мәлімделеді. Сол компоненттер негізінде көркем шығарманы кешенді түрде оқыту тетігі әзірленіп, ұсынылып отыр, оның тиімділігі де мұғалім мен студенттердің арасында талқыланған. Мақалада осы бағытта перспективалық жұмыстардың да мазмұны белгіленген.



Кілтті сөздер: қазақ әдебиеті мұғалімінің құзыреттілігі, әдебиеттанушылық құзыреттілік, әдебиеттік құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік, педагогикалық құзыреттілік, психологиялық құзыреттілік, әдебиет сабағының сапасы.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Булатбаева, Д. Н. Қазақ әдебиеті сабағының сапасы мен мұғалімнің құзыреттілігі: талдау негізіндегі ұсыныстар [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Бі. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №1. – Б. 98-110.

Кіріспе

Мектептегі қазіргі білім беру оқытудың оқушылардың белгілі бір білімді меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар олардың жеке тұлғасын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуын болжайды. Яғни, бүгінгі таңда мектепте білімнің, дағдының, құзыреттіліктің сонымен қатар оқушылардың өз бетінше әрекет ету тәжірибесінің біртұтас жүйесін

қалыптастыру керек. Әдебиет сабақтары оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мол мүмкіндіктер береді. Өйткені, ол жерде балалар негізгі адами құндылықтарды түсінеді, әлемді, адамдарды танып, көркем сөздің сырын меңгереді, сөйлеу қабілетін дамытады.

Бірақ жыл сайын оқушылардың оқуға деген қызығушылығы төмендеп бара жатыр (оған себеп болып тұрған көп қо-

сымша қолданылатын ақпараттық құралдар, оқушылардың назары қоршаған ортаға байланысты дамуға кедергі болатын ойындар, тиімділігі жоқ төмен сапалы фильмдер және т.б.), олар кітаппен жұмыс істей алмайды, оқылған шығарманы талдау қиынға соғады, өйткені олар интернеттен дайын материалдарды табуға және автоматты түрде тапсырманы орындауға дағдыланады. Осыған байланысты әдебиет мұғалімдерінің алдында жаңа міндеттер тұр: әдебиет сабақтарына қызығушылықты қалай қайтаруға болады? Оқушыларға оқу қажеттілігін қалай тудыруға болады? Оқушылар сабаққа дайындық кезінде әдебиетті және оның мәселелеріне үңілу үшін, бір-бірімен дәлелді түрде дауласуды және естуді үйренуі үшін не істеуге болады? Бұл сұрақтарға жауаптар мұғалімнің құзыреттілігімен тікелей байланысты.

Әдебиет пәні мұғалімінің құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау және растау үшін алдымен қазақ әдебиетін оқытуда қандай компоненттер қамтылатынын қарастырылық; білім беру саласындағы кез келген пән сияқты қазақ әдебиеті бойынша да пәндік-мазмұндық, педагогикалық, дидактикалық, психологиялық, әдістемелік және пәнаралық компонент, сонымен қатар пәннің өзіндік ерекшелігіне сай этика-философиялық, тарихи-мәдени компонент қамтылады. Бүгінгі күні қазақ әдебиеті мұғалімдерінің құзыреттілігін дамыту кешенді жолға қойылмағанын байқаймыз. Біліктілікті арттыру курстары мұғалімдерге қазақ тілін оқытуды басымды етуде, педагогикалық арнайы және жоғары оқу орындарында педагогика, психология, әдістемелік бағдарламаларының мазмұндары бір-бірімен байланыстырылмайды (әр кафедралардан келіп оқытылады), кешенді құзыреттілік мектеп тәжірибесінде бір педагогтың тұлғасында табылуы тиіс.

Осыған қатысты мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту үшін нақты жолдарды белгілеу қажеттігі туындауда.

Материалдар мен әдістер

Осы қойылған зерттеу тақырыбына қатысты төмендегідей әдістер іріктеліп алынды: ғылыми еңбектерге шолу жасау, синтездеу, жалпылау, бақылау, талдау, сұхбаттасу, жоспарлау, тәжірибені сипаттау, ұсыныстар шығару. Тақырып бойынша ғылыми еңбектер зерделенді, әдебиет сабақтарының сапасы мен мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің байланысы негізінде талдаулар жасалып, синтезделген әдістемелік тетіктер әзірленді. Сабақ барысын бақылау, мұғалімдер мен оқушылармен сұхбаттасу әдістері белгіленген әдістемелік тетіктердің іске асырылуының жүйелілігі және мұғалімнің кәсіби деңгейін, тәжірибедегі жетістіктер мен жетіспеушіліктерді анықтауға көз болды. Тізмдегі зерттеу әдістерін қолдану нәтижесінде әдебиетті сапалы оқытуға қажетті ұсыныстар жүйеленіп, әзірленді.

Бұл мақалада біз жалпы мұғалімнің, әсіресе әдебиет мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын ашқан теоретиктердің негізгі ережелеріне сүйенеміз. Сондай-ақ, И.А.Зимняяның «Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования» [1] еңбегінде құзыреттіліктің үш негізгі тобы бөлінді: жеке тұлға ретінде, тіршілік субъектісі ретінде өзіне қатысты құзыреттіліктер; адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесуіне қатысты құзыреттіліктер; адамның іс-әрекетіне (оның барлық түрлері мен формаларында) қатысты құзыреттіліктер. Әдебиет мұғаліміне қатысты қарастыратын болсақ, ол белгілі бір тұлғалық, ең алдымен рухани-адамгершілік қасиеттері бар, мұғалім ретінде көрінуі керек; оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен, қоғаммен сауатты қарым-қатынас жасай алатын мұғалім; кәсіби іс-әрекетте өзінің шеберлігін көрсететін мұғалім. Осы зерттеуіміздің нысаны оң нәтижелерге қол жеткізетін әдебиет мұғалімінің феномені деп санауға болады. Осыған байланысты көркем шығарманың барлық нюанстарын мұқият меңгерген және оның кез келген үзіндісін, деталін оқушыларды олардың қоршаған әлемімен байланыстыра сын

көзбен қарап талдауға бейімдейтін педагог-әдебиетші Е.Н.Ильиннің [2] тәжірибесі қызықты. Әдебиет мұғалімінің өзінің кәсіби дамуына назар аудару маңызды. Сабақ жүргізудің технологиялық тәжірибесін үнемі жинақтау белгілі бір педагогикалық шеберлікке әкеледі. Бұл туралы А.В. Хурторскойдың еңбектерінде айтылған [3, 4]. Әдебиет мұғаліміне әдебиетті оқытудың өзекті педагогикалық, психологиялық және әдістемелік аспектілерін шешуге бағытталған ғылыми еңбектердің арнайы жинақтары мен әдістемелік әзірлемелер ұсынылуы керек. Мұндай әдістемелік жинақтар мен әзірлемелердің материалдарын қарастыруды біліктілікті арттыру курстарынан өтумен теңестіруге болады, өйткені олардан тәжірибеге енгізу мақсатында көптеген жаңа идеяларды табуға болады: авторлар өздерінің ғылыми және практикалық нәтижелерімен бөліседі [5, 6, 7, 8, 9, 10].

Әлемдік тәжірибеге үңіліп, Санкт-Петербургтық мұғалім Л. Д. Сенчилоның әдебиетті оқыту мәселелерін шешу тәсілдері ретінде төмендегідей ұстанымдарды ұсынып отыр: оқытуды дараландыру (студенттер үшін жеке оқыту жоспарының болуы - ең жоғары деңгей); жетілдіріліп оқыту принципі; кез келген әрекеттегі жайлылық принципі; қабілеттерді жүзеге асыру үшін ұсынылатын мүмкіндіктердің әртүрлілігі принципі; сыныптан тыс жұмыстардың рөлін арттыру; дамыта оқыту принципі; еріктілік принципі [11]. Осы ұстанымдарды байыптайтын болсақ, бұл тәжірибелік еңбекте оқушылардың метапәндік құзыреттілігіне, оның эмоционалдық интеллектіне, эргономикалық жағдай жасау, қажытпау, жеке қызығушылығын ескеріп, соның негізінде жеке тұлғалық дамуға мән беру маңыздылығы туралы айтылған.

Тіл мен әдебиет мұғалімінің кәсіби дамуының траекториясы С. Живенкованың «Компетентности учителя русского языка и литературы» мақаласында жұмыс мазмұны және әрекеттер арқылы екіге бөлініп көрсетілген [12]. Мақала авторы кәсіби қарым-қатынас жасай білу әрекеттеріне топта сабақ құрастыру; қатысқан ашық сабақтарды талдау; жарияланған

сабақтардың топтық талдауына қатысу; іс-шараны өткізу кезіндегі белсенді ұстаным; әріптестермен практикалық тәжірибе алмасу; әріптестерге кеңес беру; шеберлік сабақтарын өткізу; әріптестер үшін курстық дайындықты ұйымдастыру және өткізу, ал өзін-өзі кәсіби жетілдіруге пән бойынша ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиетті зерттеу; хабарламаны, баяндаманы, ғылыми мақаланы дайындау; әріптестердің тәжірибесімен танысу; дидактикалық көрнекі және үлестірмелі материалдарды әзірлеу; олимпиада қозғалысына қатысуды жатқызады.

Ғалым және әдебиетші-педагог Қ. П. Жүсіп еңселі ел болу үшін бабалар мұрасына терең үңіліп, қазақ тілінің байлығын ұрпаққа сіңіру керектігін айтудан жалыққан емес. Қ. П. Жүсіп әдістемесінде жүйеліліктің барын байқадым: шығармалар жан-жақты толық талданады, яғни, оқушы теориялық білім мен тәрбиелік мектептен өтеді; әлеуметтенеді, топпен және жеке жұмыс жасауын үйренеді; іздену, ойлану, жауапкершілікті болу, т.б. қасиеттерін дамытады; тілін дамытып, сөз байлығын арттырады; әдебиетке деген құштарлығы оянады; әр сөзге мән беруін үйренеді; эстетикалық тәрбие алады т.б. [13].

«Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы» атты Қ.Бітібаеваның еңбегінде [14] шығармашыл мұғалімнің әдістерді тиімді етіп қолдануды көреміз. Мысал ретінде, ұжымдық оқыту арқылы оқушыларды іздендіру, зерттеу жұмысына баулудағы төл тәжірибесін зерделеуде, оның әсіресе жұптық тәсілді «жаңғырта», «жаңарта» пайдаланғанын көруге болады. Ұстаз алдын ала балаларды дайындайды, жұптаса, топтаса, ұжым болып ізденудің амал-тәсілдеріне дағдыландырады, жетелейді. Өтілетін жеңіл тақырыптарды екі бөлімге бөліп, жұптарға береді. Жеке-жеке оқып, екінші кезекте бір-біріне сыбырлай сөйлесе отырып айтады, осы іс-әрекетке жаттықтырған соң, келесі сабақтарда жұптар жұмыс істеп болған соң, өз қалаулары мен нәтижелерін өз таңдаулары бойынша басқа жұптармен бөліседі. Енді мұғалім ұжымға проблема тастайды, ең алдымен топтар ол проблеманы ізден-

се, соңынан бүкіл ұжым болып талқылайды. Бір проблеманы әр топ әр қырынан зерттейді, әр топтың өз тапсырмасы болады, қорытындыда ұжым бірге отырып қойылған тапсырмадағы проблеманы шешеді.

Дамыта оқытуда мұғалім қызметі төмендемейді. Оқытудың қай түрі болмасын, мұғалім өз дәстүрлі функциясын атқарады. Бірақ оқытуда мұғалім дәстүрлі оқытудағыдай барлық іс-әрекетті өз мойнына алмайды. Мақсатқа тек өзінің белсенділігімен жетпейді. Белсенділік оқушыға жүктеледі. Дамыта оқытуда мұғалім мен оқушы іс-әрекеті бірлікте, бір мақсатқа бағытталады.

Жарты ғасыр ғылыми және тәжірибелік нәтижелерімен қазақстандық мұғалімдермен бөлісіп жүрген пед.ғ.д., профессор Е. Ө. Жұматаеваның педагогтық тұлғасы феномен ретінде қарастырылып, әдебиет пәні мұғаліміне кәсіби құзыреттіліктің іске асқан үлгісі ретінде алыну тиіс деп ойлаймыз. Шығармаларды тереңінен талдай білетін, қазақ тілін жоғары деңгейде қолданатын, әдебиетті қазақ философиясымен, әлеуметтанумен, тарихпен, саясатпен ұштастыра білетін, білім алушыларға ізденіс тәсілдермен жұмыс істеуге баулитын әдебиеттанушы-педагог төменде берілетін Алтынсарин академиясының әдебиет пәні педагогына қойылатын талаптарының ең жоғары 8-деңгей тұлғасының толыққанды көрінісі деп айта аламыз. Педагог-әдебиеттанушы әдебиетті оқыту тәжірибесін өз еңбектерінде мамандармен бөлісіп отырады [15].

Білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әдебиет пәні мұғалімі (басқа да пән мұғалімдері сияқты) теориялық және практикалық аспектілерде тиісті құзыреттерге ие болуы керек. Кез келген педагог, алдымен, мықты кәсіби құзыреттілікке ие болуы тиіс. Ол мыналарды қамтиды:

- 1) теориялық білім;
- 2) әдеби шығармаларды талдау машығы;

3) әдеби міндеттерді шешу дағдылары;

4) әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша білім;

5) оқытудың заманауи технологиялары мен инновациялық әдіс-тәсілдерін меңгеру және т.б. [16].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғалымдары «Поуровневое содержание профессиональной компетентности педагога (5-8 уровни по Национальной рамке квалификации)» атты ұжымдық еңбегінде әр пән бойынша педагогтың құзыреттілігінің мазмұнын айқындап, сипаттаған [17]. Соның негізінде осы мақалада қазақ әдебиеті пәні мұғалімдерге қойылатын талаптарды және олардың іске асырылу жолдарын талдамақпыз.

Қазақ әдебиеті пәні бірнеше компоненттерден тұрып, педагогтен әр түрлі құзыретті талап етеді. Айталық, педагогикалық компонент мұғалімнен жалпы педагогикалық құзыреттілікті, әдістемелік құзыреттілікті, инклюзивтік құзыреттілікті және т.с.с.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың құрамдас бөлігі – оқытудағы дидактикалық компонент. Дидактикалық компонент – сапалы білім беру үрдісін қамтамасыз етуші компонент. Техника арқылы қарым-қатынас жасау орын алған бүгінгі заманда әдебиетті оқыту аса маңызды мәселелердің бірі. Әдебиетті сапалы қызықты етіп оқытуда және білім алушы бойында көркем шығарма оқуға деген қызығушылықты қалыптастыруда дидактика көмекке келері сөзсіз.

Қазақ әдебиетін оқытудың құрамдас бөлігінің бірі – әдістемелік компонент. Әдістемелік компонент қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізгі категорияларын игеруді, оқыту әдістері мен тәсілдерін, оқыту ұстанымдарын (принциптерді) және соларды жүзеге асыруды қамтиды. Мұны айтып отырған себебіміз қазақ әдебиеті мұғалімі мықты кәсіби құзыреттілікке ие болу үшін қазақ әдебиеті пәнін оқытудың

құрамдас бөліктерін де жақсы меңгеруі шарт. Сонда ғана педагог әдебиетті қалай оқытамыз, білім алушы бойында көркем шығарма оқуға деген қызығушылықты қалай қалыптастырамыз немесе дамытамыз деген сауалдарға жауап алады және кәсіби шеберлігін арттырады.

Білім беру үдерісінің басты тұлғасы білім алушы оқу барысында үздіксіз даму, тәрбиелену үстінде болуы тиіс. Көркем туындыларды оқу арқылы рухани байлық қабылданып, көркем мәдени түйсік жетіледі. Көркем шығармаларды оқи отырып, оқушы бойында эстетикалық талғам қалыптасады, ол тәрбиеленеді, оның сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Ал оны қамтамасыз етуші, әрине, педагог (пән мұғалімі). Сондықтан да әдістемелік құзыреттілікке ие пән мұғалімі сапалы, қызықты білім беру үшін, сапаға жету үшін әдебиетті (көркем шығармаларды) оқытудың әр түрлі заманауи технологиялары мен инновациялық озық әдіс-тәсілдерімен қаруланған және оқу процесін басқара алуы тиіс. Яки, әдебиет пәнінің мұғалімі білім беру стандарттарына сәйкес келетін оқу жоспарын дұрыс құрастырып, әдебиетті оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып, интерактивті сабақтар өткізе алуы, сондай-ақ қазақ әдебиетінің осал тұсы болып отырған оқу ресурстарын әдістемелік материалдармен толықтыра білуі, тіпті қажет болған жағдайда оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуге де дайын болуы қажет.

Әрине, ең алдымен, пән мұғалімі ретінде ол оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидаттарына, пән мазмұнына, оқыту және бағалау әдістемелеріне сәйкес әрекет етуі керек. Көркем шығармаларды оқытуда білім алушылардың жас және жеке бас ерекшеліктерін ескеруді, қажет болған жағдайда әдебиет пәнінен берілетін мәтінді оқушылардың қабылдау дәрежесіне сай етіп бейіндей алуы шарт. Бұл оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде ескерілетін маңызды шарттардың бірі.

Жалпы педагогикалық құзыреттілікке ие әдебиет пәнінің мұғалімі жалпы мәдениет пен әлеуметтену бағытында қазақ әдеби-

еті пәнінен білім берудің мақсатын жақсы түсінуі және білім алушылардың қазақ әдебиеті пәніне деген, көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылықтарын жоғалтып алмас үшін қазақстандық білім беруде қабылданған нормативтік талаптар шеңберінде педагогикалық этика және академиялық адалдық нормаларын сақтай отырып әрекет етуі тиіс. Мұғалім білім алушыларды көркем шығармаларды оқуға қызықтыра білу және ынталандыру, оларды қолдаушы білім беру ортасын құру қабілетіне ие болуы керек. Ол үшін әдебиет пәнінің мұғалімі педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысу немесе әдебиет пәні мұғалімдерінің қауымдастықтарына кіру (қатысу) арқылы кәсіби біліктілігін әрқашан дамытуы және өз әріптестерінің сабақтарына кіру, өзі де ашық сабақтар өткізу арқылы тәжірибе алмасып, педагогикалық тәжірибесін үнемі жетілдіруі, өзін-өзі (өз білімін) үнемі бағалап отыруы, сондай-ақ әріптестермен тығыз байланыста болып, әдебиет пәні мұғалімдерімен және басқа да пән педагогтерімен командада ынтымақтаса жұмыс істеу дағдыларына ие болуы қажет.

Қазақ әдебиеті пәнінде әдеби талдауларды үйрету процесінде көркем шығармалардағы психологиялық факторлардың оқушыларға қалай әсер ететінін түсінуі, әдебиетті оқытумен байланысты білім алушылардың эмоционалдық және психологиялық қиындықтарын анықтай алуы және оларға жауап беру дағдыларын, психологиялық қолдау көрсету және білім алушылардың өзіне деген сенімділігі мен уәжін дамытуға жәрдемдесу қабілетіне ие болған жөн. Көркем шығармаларды оқушылардың жас ерекшелігіне қарай психологиялық әсерін ескере отырып ұсынуды назардан шығармау қажет.

Әдеби материалдың ерекшелігіне қарай әрбір сабақтың өзіне тән тақырыбы, мақсаты, құрал-жабдықтары, әдіс-тәсілдері, құрылысы мен сабақтың жүйесі, мазмұны болады. Сабақ өтілетін материалдың өзгешелігіне қарай, оқушыларға берілетін білім-дағдылардың түрлеріне байланысты, оқушыларға берілетін білім-дағдылардың түрлеріне сай әр алуан құбылып, түрленіп отыратын құбылыс.

Сондықтан қазақ әдебиетінен материалдар еленіп-екшеліп, оқушының жеке бас ерекшелігі мен жас ерекшелігін ескере отырып берілуі тиіс.

Нәтижелер

Теориялық бөлімде әдебиет мұғаліміне қойылатын талаптарды нақтылау мақсатында оқу бағдарламасындағы тақырыптарды зерделеп, талдау мақсатында кішірек әдебиет жанрына тоқталдық.

Қазіргі қазақстандық оқу бағдарламасы бойынша 7 сынып қазақ тілде оқытатын мектептегі қазақ әдебиетінің мазмұны мысалында жоғарыдағы айтылған кейбір ғылыми қағидаларды тәжірибе жүзінде қарастырайық [18]. Мысалы, М.Әуезовтың «Көксерек» тақырыбын оқыту кезінде мұғалімге қойылатын талаптар мыналар:

1. Әдебиеттану бойынша мұғалім «шығарма», «әңгіме», «композиция», «сюжет», «оқиғаның дамуы», «кейіпкер», «кейіпкерлердің іс-әрекеті», «кейіпкерлердің қарым-қатынасы» ұғымдарын мұқият зерделей білуі, соның негізінде бағдарламадағы шығарманы талдай білуі.
2. Әдебиет бойынша шығарманың мазмұнын толық оқып білуі, әрбір эпизодты талдай білуі, ол үшін қазақтың «адам - табиғат» қатынасын, «дала заңы» құндылықтарын терең түсіну қажеттігі туындайды, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын дәстүрлерді мәңгілік бола алатын «Көксерек» шығармасынан теріп сабақта аша білуі.
3. Әдебиетті оқыту әдістемесі жағынан алсақ, қазіргі кездегі барлық тиімді құрал-жабдықтарды пайдаланып, сабақтың уақытын тиімді ету және сабақ мақсатына нәтижелі жету; ақпараттық технологияларды тиімді қолдану және сабақтан тыс оқушыларды шығарма мазмұнын игеріп келуге әдістемелік жолдарды біліп, іске асыру; оқушылардың сабақта алатын біліктеріне критериялық бағалау жүйесін қолдана білу.

4. Психологиялық жағынан Құрмаштың ой-өрісі, оның көңіл-күйінің өзгеруіне әсер ететін жағдайлар, соның негізінде кейіпкердің тартымдылығын аша білу құзыреттілігі қажет.

5. Педагогикалық аспектіден қаралатын кәсіби құзыреттілік: жас ұрпақ өкілі Құрмаштың дүниетанымына, ішкі дүниесіне әсер ететін ортаны сипаттай білу, әке, ата, әже тәрбиесінің көріністері арқылы оқушыларға қажетті тұжырымдық ой түйуіне әсер ете білу, табиғатты қорғауға және онымен дала заңы бойынша қарым-қатынасқа түсе білуге баулу.

Осы тұрғыдан біз екі мұғалімнің сабағын зерделедік.

Алдымен, сабақ жоспарына талдау жасалды. Сабақ жоспары бүгінгі күні бір сарында трафареттік кестемен жазылады. Ол қысқа жоспар деп айтсақ болады. Мұғалім А - 28 жаста, 7 жыл еңбек өтілі бар, қазақ тілде оқыту сыныбында 2 жыл жұмыс істейді. Мұғалім Б – 50 жаста, қазақ тілде оқытын сыныптарда 20 жылдан астам сабақ беруде.

Әдеби теорияны қолдану жағынан, А - мұғалім әдебиеттану материалын толыққанды қолдана алмады. Сабақ барысында әңгімені талдау, оқушылардың ой-өрісінің ғылыми тұрғыдан дамуына ықпал ететін алгоритмдік іс-ірекет байқалмады. Сабақтың 70% шығармадан үзінділер оқу, сұрақ қою және сұраққа жауап беру жолымен жүргізді. Әдеби ұғымдар қажетті құрал ретінде қолданылмады. Оқушылардың әңгіменің басталуы, дамуы, кульминациялық шыңын анықтауды, әңгімедегі оқиғаның немен біткенін әдебиеттің теориялық құралдарымен дәлелдеуге мүмкіндіктері болмады. Б-мұғалім, керісінше, сабақтың басында әңгіменің типтік композициясын тақтаға шығарып, сол бойынша оқушыларға сөз берді. Оқушылардың композицияны бірінші рет талдауы емес екені олардың нақты жауап беруінен көрінді (1-кесте)

1-кесте – Оқушылардың әңгіме құрылымын талдауының нәтижесі

| Композиция (мұғалімнің бергені) | Оқушылардың талдау барысындағы композицияны жіктеп көрсетуі |
|---------------------------------|---|
| Оқиғаның басталуы | Тарбағатай табиғаты. Қасқырлардың сипаттамасы. |
| Оқиғаның байланысы | Адамдар шабуылы. Көксеректі асырауы. |
| Оқиғаның дамуы | Көксеректің адамдармен қарым-қатынасы. |
| Оқиғаның шиеленісуі | Көксеректің өз табиғи тобына қосылуы. |
| Оқиғаның шарықтау шегі | Көксеректің адамдарға қарсы күшке айналуы. |
| Оқиғаның шешімі | Қайғылы оқиға: Құрмаштың өлімі. Көксеректің жазасын тартуы. |

«Көксерек» әңгімесін жік-жігімен бөліктерге бөліп талдап шыққаннан кейін, мұғалім кейіпкерлердің жүйесі бойынша алгоритмдік талдау сұлбасын шығарды. Мұғалімнің жетегімен оқушылар кейіпкерлерді әртүрлі аспектіден талдап шықты (мысалы, салыстырмалы талдау: Көксерек пен Аққасқа). Әңгіменің композициясын анықтау мақсатында үзінділердің де ретсіз берілу тәсілі ұтымды қолданды. Оқушылардың талдаудағы сөздік қорының байлығы анықталды. Адамға сипаттама беруде көптеген оң және теріс сипаттамаға қажетті сын есімдер, образдық теңеулер қолданылды. Сонымен қатар, оқушылар Құрмаштың елгезектігі, бауырмалдығы, ішкі дүниесінің пәктігі, Көксерекке деген сүйіспеншілікке толы қамқорлығы, сонымен қатар, өмірлік тәжірибесінің жоқтығынан, үлкендердің ескертулерінен гөрі Көксерекке деген адалдығы сияқты сипаттамаларын бере алды. Мұғалім сабақтың мақсатында берілген кейіпкер бейнесін гуманистік тұрғыдан талдау біліктігіне оқушыларды жетелей білетінін көрсетті. Сабақ барысында алдыңғы сабаққа даярлану кезеңі және сабақ аяғында келесі сабаққа берілген тапсырмалары да өте ұтымды көрінді. Сабақ басында оқушыларды ездiгiнен оқуға баулу жұмыстары жақсы жүргізілетіні анықталды. Оқу процесін еңбек ретінде санайтын оқушылар келесі сабаққа берілген тапсырманы құштарлықпен қабыл алуында өмір бойы оқуға, еңбек етуге, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке де-

ген дағдылары дұрыс қалыптасуда деген тұжырымға келдік.

Әдебиет пәні бойынша шығарманы білу және талдау жағынан төмендегідей тапсырмаларды оқушылар толығымен топтық жұмыс арқылы орындап шықты.

1. Суретте. Көксеректің портретін суретте.
2. Салыстыр. Дала қасқыры мен Көксеректі салыстыр.
3. Зертте. Қасқыр туралы тағы қандай шығарма білесің?
4. Қолдан. Көксерек туралы ауыл адамдары не дейді?
5. Дәлелде. Көксеректі жауыздыққа итермелеген де, Құрмашқа ауыз салдырған да қандай жағдай?
6. Талда. Көксеректің қатігездігін қай тұстарда байқадыңыз?

Сабақтың педагогикалық маңыздылығы да ұтымды болды деп есептейміз. Үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынастар, өмірде қауіпсіздікті әрқашан ойластыру қажеттігі сияқты да әңгіме қозғалды. Сабақта шығармадағы табиғат-адам қатынасы, әке мен баланың арасындағы текетірес, қас пен дұшпан арасындағы араздық сияқты мәселелер талданды.

Қасқырлардың өз ішінде бір-бірін жеп жатқанда, қасқырдың адамға шаппауы мүмкін емес. Құрмаш өзінің хас жауы қасқырды аяғаны үшін де құрбан болып кетті. Дұшпанға аяушылық білдіру керектігі де байқалады бұл жерде. Әкенің, яғни Құрмаштың ағасы – Қасеннің де, әжесінің де ескертпелері еш әсер етпейді. Ал Құрмаштың барлық адамға, көпшілікке қарсы келуінің өзі ажалға қарсы келу болатын.

Мұғалім сабақта *психологиялық аспектіні* де тыс қалдырмауы тиіс. Қасқырлардың мінез-құлқыларын сипаттау және адам кейіпкерлерінің мінездері жағдаятпен ұштастырып, мұғалім алдын-ала іс-әрекеттердің салдарын болжауға да үйрете алды. Сонымен қатар, мұғалім сабақтың да эмоционалдық жағын дұрыс ұйымдастыра алды. Оқушыға сабырлықпен қарап, қолдап, жауаптың дұрыстығын, жағымды жағын басымды етіп көрсетіп отырды, оқушылар ескертпелерді түсіністікпен қабылдады.

Сонымен қатар, сабақ жоспарлау, сабақ уақытын үнемдеп, тиімді қолдану, ол үшін бақылау үдерісіне қойылатын талаптарды ұстану қажеттігі туындайды. Алғашқы сабақтарда бақылау-тексеру жұмыстары оқушылардың 30-40%-н қамтыса, кейінгі сабақтарда 100%-ға жеткізе білді. Жетістіктер ең алдымен бүгінгі ақпараттық технологиялармен байланысты.

Сабақ барысында *ақпараттық технологияларды қолдану* оқушылардың шығармаға деген қызығушылығын арттырады.

Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» шығармасын талдау үшін АКТ-ны қалай пайдалануға болатынын қарастырайық:

Интерактивті презентациялар: шығармадан дәйексөздер, кейіпкерлерді талдау, иллюстрациялар мен бейнелер бар мультимедиялық презентациялар жасау. Бұл мәтінді визуализациялауға және оны оқушыларға түсінікті етуге көмектеседі.

Электрондық ресурстар: электрондық кітапханалар, әдеби сайттар және блогтар сияқты онлайн ресурстарды пайдалану. Оқушылар шығарманың контекстін, ав-

тордың өмірбаянын және сыни шолуларды зерттей алады.

Салыстырмалы талдау: мультимедиялық тапсырмалар негізінде оқушылар «Көксеректі» басқа шығармалардағы жануар кейіпкерлермен салыстыруға, құрылымын, стилі мен тақырыптарын талдауға да мүмкіндік беруге сабақтан тыс жобалық жұмыстардың тақырыптары беріледі.

Бейнероликтер қарау: оқушылар шығармаға байланысты негізгі сәттері, қызықты фактілер немесе кейіпкерлерді талдау арқылы бейнелерді өздері жасай алды.

Интерактивті тапсырмалар: шығарманы түсінуді тексеру үшін онлайн тестілерді, кроссвордтарды, викториналарды және басқа интерактивті тапсырмалар пайдаланылатыны мұғалімнің кабинетінің жабдықтарынан анықталды.

Сонымен, тәжірибелі мұғалімнің кәсібилік шеберлігімен жас мұғалімнің теориялық біліміндегі олқылықтары әдістемелік жағынан сабақтың төмен сапасына әкелетіні анық көрініп отыр.

Талқылау

Теорияның тәжірибедегі көрінісінің екі нұсқасы бүгінгі мектепте орын алуда. Педагог-шебер атты жоғары деңгейге жетуді әрбір мұғалім міндет етіп санауы қажет. Мектептегі білім сапасы бірнеше жағдаймен байланысты. Мектеп ішіндегі ұйымшылдық, жас педагогтермен тәжірибемен бөлісу, педагогтың құзыреттілігінің компоненттерінің бәрін ескеріп, сабақтарды жоспарлау және оқу процесінде оны іске асыру қажетті әдістемелік тетіктерді білуді қажет етеді.

Барлық теориялық және тәжірибелік жетістіктерді синтездеу арқылы төмендегідей стратегиялық-тактикалық жолдарды әдебиет мұғаліміне ұсыну үшін әзірледік.

Көркем шығарманы кешенді түрде оқыту тетігі – мұғалімнің кешенді құзыреттілігінің көрінісі (2-кесте).

2-кесте – Көркем шығарманы кешенді түрде оқыту тетігі

| Әдебиеттік аспект | Әдебиеттану аспектісі | Психологиялық аспект | Педагогикалық аспект | Информатикалық аспект |
|--|--|---|---|---|
| Жазушы туралы мәлімет Шығарманың мазмұны, сюжеті | Жазушының идеологиялық сипаттамасы Жанр: лирика, драма, проза композиция | Шығармадағы эмоциялық фрагменттерді іздеп, талдау | Тәрбиелік аспект: Қатынастар аспектісіне | Интернеттен фильмді көру; суретшілердің шығармаларын біліп, тану; сюжет бойынша тапсырмаларды ақпараттық технологиялар арқылы орындау |
| Көркем идеясы | Сюжет/фабула екеуінің ара жіктігін бақылау; композиция; жанр; | Өмірдегі оқиғалармен салыстыру, жағымды шешімдерді анықтау | Тәрбиелік мәні бар фрагменттерді талдау | Шығарма идеясына, композициясына қатысты тапсырмаларды ақпараттық технологиялар арқылы орындау |
| Кейіпкерлер жүйесі, олардың сюжеттегі рөлдері | Кейіпкерлердің арасындағы қарым-қатынастар (таныстық, туыстық, психологиялық, идеологиялық, жас ерекшеліктеріне байланысты); | Оқушылардың тұлғалық сипатын қалыптастыру, тілдерін дамыту; оқу процесінде дұрыс қарым-қатынасқа үйрету; Кейіпкерлердің мінездемесі, олардың типтері | Кейіпкерлердің мінездемесі: олардан алатын үлгі, олардың келеңсіз мінезі мен әрекеттері | Кейіпкерлер жүйесіне қатысты тапсырмаларды ақпараттық технологиялар арқылы орындау |
| Табиғаттың сипаттамасы Кейіпкерлердің сипаттамасы Оқиға сипаттамасы Жазушының стилі | Тілдік құралдардың шығармадағы қолданылуы . Көркемдеуіш құралдармен жұмыс | Дұрыс және келеңсіз қатынастағы қолданылған тілдік құралдар; Тіл сипаты- адам сипаты аспектісінде эмоционалдық интеллектті қалыптастыруға арналған тапсырмалар қолдану | Ақпараттық технологияларды қолданып, бағыттардағы құндылықтармен жұмыс | Ақпараттық технологияларды қолданып, табиғаттың, кейіпкерлердің, оқиғаның сипаттамасы бойынша тапсырмалар орындау |

| Әдебиеттік аспект | Әдебиеттану аспектісі | Психологиялық аспект | Педагогикалық аспект | Информатикалық аспект |
|---|---------------------------------------|---|--|--|
| Шығармаға дайындық; тақырыптар, олардың жоспары | Авторлық шеберлікті ұштайтын тәсілдер | Психологиялық аспектіден қарастыратын мәселелер | Тәрбиелік аспектіден не алуға болады | Ақпараттық технологияларды қолданып, шығарма бойынша өнім шығару (слайдтар, суреттер, сұлба, кестелер және т.с.с.) |
| Бағалау критерийлері | Әдебиеттанушылық құзыреттілік | Психологиялық сипаттама беру құзыреттілігі; шығармадағы оқиғаларға оқушы өзінің психологиялық бағасын бере білу | Ұлттық құндылықтарға негізделген оқушының тәрбиелік ұстанымдарын бақылау | Ақпараттық технологиялардың көмегімен жазылған шығарманың бірінші нұсқасын өңдеу жұмыстары |

Осы кесте әдебиет мұғалімдерімен және студенттермен талданып, олардың пікірлері алынды. Жас мұғалімдер (50 мұғалім) мен педагогикалық бағыттағы филология факультетінің студенттері (Астана Халықаралық университетінің 44 студенті) осындай кешенді әдеби шығарманы талдау тетіктері әдебиетті мақсатты түрде оқытуға бағыттайды деген ойларын айтты. Шығарманы жан-жағынан талдауға әдістемелік нұсқау екенін тәжірибелі мұғалімдер де айтты. Олар осындай жан-жақты талдау дәрежесіне 5-10 жылдай өтілдері болғанда ғана келгенін баяндады. Бұл кестені әлі де нақтылаймыз. Әр сыныптың бағдарламаларындағы шығармалар бойынша әдістемелік нұсқаулықтар жасаймыз деген ойымыз бар.

Қорытынды

Қазіргі кезде мұғалімге қойылатын талап жоғары. Осындай жағдайда әдебиет пәнін кешенді түрде оқушыларды дамытатын пәнге айналдыру қажеттігі туындап отыр. Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу жұмыстары да «Қазақ әдебиеті» сабағында өте ауқымды жүргізілу керек екені анық. Бірақ әр мұғалім өзінің жа-

уапкершілігін толық сезіне, ұғына бермейтініне кезіміз жетті. Осы тұрғыдан жауапкершілікті күшейту жолдарын әлеуметтік мәселе ретінде қарап, оны шешетін тиімді жолдар табылса деген ойды білдіргіміз келеді.

Әсіресе педагогикалық ЖОО-нда әдебиет пәні мұғалімнің толыққанды қалыптасуына назар аударылу тиіс. Қазақ әдебиеті шығармаларын студенттердің жүйелі түрде талдауын және біліктілікті арттыру курстарында талдаудың тиімді әдістемелік жолдарын лабораториялық сабақтарда тәжірибелік тапсырмалар арқылы меңгеруді қолға алуды ұсынамыз. Біздің анықтауымыз бойынша, практикалық сабақпен шектелу, ал өзіндік жұмыстарды жеке әрбір студентпен немесе кішірек зерттеу топтары құрылып оқыту толыққанды іске асып жатпағаны белгілі. Педагогикалық университеттерде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін кәсіби даярлау бойынша оқытушылармен және студенттермен жеке сұхбаттасу нәтижесінде бірнеше кедергілер айқындалып отыр: кейбір болашақ педагогтердің ақылы оқу жағдайы сабақтан тыс уақытта қосымша еңбек етуге мәжбүр екендігі; сабақтан тыс

